**БІЛІМ**



Грант иегерлері белгілі болды 2

**ҚОҒАМ**



Экономика: Қазақстанда транзитті жүк тасымалы артты 3

**ӨНЕР**



Зер қадірін зергер білер 4

**ТАҒЗЫМ**



Күн сайын адам болып өмір сүрген 6



# Сыр бойы 90 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№121 (19799)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

15 тамыз /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл


ҚАБЫЛДАУ

**Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Ресей Федерациясының Алматыдағы Бас консулы Евгений Бобровпен кездесті.**

## Әріптестік мәселелерін талқылады



Кездесу барысында Қуанышбек Ысқақов пен Евгений Бобров экономиканың түрлі салаларындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады.

– Менің өңірге сапарымның мақсаты, ең алдымен, облыстың жаңа әкімімен танысу және одан әрі ынтымақтастық жөніндегі жоспарларды бекіту болды. Біз Қызылорда облысымен түрлі салаларда, оның ішінде халықаралық деңгейде «Байқоңыр» ғарыш айлағында бірлескен жобалар бойынша жұмыс істейміз. Сонымен қатар, қосымша бірлескен жобалар құру, ауыл шаруашылығы мен инфрақұрылым саласындағы ынтымақтастық туралы әңгіме болды, - деп атап өтті Е.Бобров.

Бас консулдың айтуынша, Қызылорда облысы жақсы әсер қалдырды. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін ол өңірге сәуір айында келген болатын. «Мен облыстың ақпараттандырудағы жетістіктеріне, әсіресе өңірлік ахуалдық орталыққа таңғалдым. 500-ге жуық қызылордалық түлек Ресей Федерациясының ең үздік ЖОО-ларында білім алуда. Жалпы біздің әңгіме достық сипатта өтті» деді Бас консул.

НҰРЛЫ ЖОЛ

## Жұлдызды қалашықтағы жарқын іс

**Қазақстандықтардың әлеуетін арттыруға арналған Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында айқындалған басымдықтардың бірі – құрылыс саласын дамыту арқылы халықты баспанамен қамтамасыз ету.**

Еліміздің Тұңғыш Президентінің салиқалы саясатын жүзеге асыруда Сыр өңірі, оның ішінде Байқоңыр қаласы да сала бойынша ілкімді істермен айшықталуда. Бұған дейін қаланы ұзақ мерзімді дамытудың бірлескен бағдарламасы аясында жұлдызды қалашықта облыстық медицина орталығының филиалы, мектеп-лицей және балабақша қолданысқа берілген болатын. Бүгінде игі істер жалғасын тауып, қалада көпқабатты тұрғын үйлер бой көтерді. Елдің қуанышын еселеген бұл жаңалық көптің көңіліне сенім ұялатты. Мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасы негізінде қолға алынған құрылысты «МФК-Тұран», «Техноснастка-Ремсервис», «Асар» және «Аман құрылыс» компаниялары салды. Нысандардың жалпы құны 2 млрд 110 млн теңгені құрайды. Талапқа сай салынған 5 көпқабатты тұрғын үйдің 150 пәтері 3 бөлмелі болса, қалған 100 пәтері 2 бөлмелі.

Расында да, жұлдызды қаланың сәулетіне сән беріп тұрған осы бір тұрғын үйлерден пәтер алуға қызығушылар қазірдің өзінде көп-ақ.

– Көпқабатты тұрғын үйлердің айналасын абаттандыру мен нысандарға телефон желісін орнату және газдандыруға жергілікті қазынадан «Техноснастка Ремсервис» ЖШС-мен жасалған келісім-шарт арқылы тиісті қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды, – деді Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев.

Қазіргі сәтте жетінші шағын аудандағы тұрғын үйлердің ауласы абаттандырылуда, жуырда пайдалануға беріледі.

Айта кетейік, Ресей жалға алған кезден бері қалада жаңа тұрғын үй салынбаған. Сондай-ақ, қолданыстағы тұрғын үй қоры, тіршілікті қамтамасыз ету нысандары және инженерлік коммуникациялар да мүлдем жаңғыртылмаған.

**«СБ» ақпарат.**



МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС

## Сырбойылық өнерпаздар Өзбекстанда

**Осы күндері сырбойылық өнерпаздар Өзбекстанда жүр. Олар бір апта бойы көрші елді ән-думанға бөлемек.**

Назерке САНИЯЗОВА

Қызылорда облысының күндері Қазақстанның Өзбекстандағы жылы аясында ұйымдастырылып отыр. Шара кеше Ташкент қаласының Өзбек ұлттық академиялық драма театрында жергілікті суретшілер көрмесінен басталды. Артынша сырбойылық сахнагерлер – Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының ұжымы көрермен назарына Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасының қойылымын ұсынды. Сыр өңірінің Өзбекстандағы мәдени күндерін бүгін Науаи облысының Фархад мәдениет үйінде әнші, биші, жыршылар жалғады. Олардың қатарында Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, «Томирис» би ансамблі бар. Келген жұрт гала концертті тамашалап, көңіл сергітті.

15-19 тамыз аралығында облыстық филармонияның дәстүрлі орындаушылары Науаи қаласы мен Тамды, Үшқұдық, Кенимех аудандарында экспедициялық концерт береді.



ӨНІМ ӨҢДЕУ

## Түрік айраны Шіркейліде шығады

**Сырдария ауданының Шіркейлі ауылынан шығарылатын түрік айраны бұл күнде облыс жұртшылығына танымал. Қызылордадағы асханалар желісі мен дүкен сөрелерінен табылатын сусын таза әрі табиғи сүттен дайындалады. Кәсіпкер Ақәділ Нұрмаханов кәсіпті кеңейтіп, бір күнде бір тонна сүтті өңдеуде.**

Дәулет ҚЫРДАН.

– Бизнес – тек қалтаға ақша салу ғана емес, ол жұрттың проблемасын шешу. Менің ұғымымда солай. Бала кезден ауылда сиыр ұстайтын жандардың сүтін арзанға алып, қалаға қымбатқа өткізетіндерді көріп өстік. Ауылдағы шаруалардың еңбегі ақталмайтын. Есейе келе, бұл мәселенің шешімі өнім өңдеу екенін түсініп, түрік технологиясы бойынша айран шығара бастадым, – дейді А.Нұрмаханов.

Ауылдағы ағайын бұрын сүтті арзанға өткізетін. Ақәділ қабылдау бағасын көтеріп, халықтың батасын алды. Қазір Шіркейлідегі пункт сүттің әр литріне 130 теңге береді. Күз түсе баға тағы да көтеріліп, 150 теңгеге жетеді. Мекеме қызметкерлері кәсіпкердің басты мақсаты өз қалтасын қалыңдату емес, біріншіден, жұртқа жұмыс беру болса, екіншіден, елдің табиғи таза өнім тұтынуына септесу екенін алға тартады.

Осыдан үш жыл бұрын кәсіп бастарда кәсіпкер 10 млн теңге көлемінде несиеге қол жеткізді. Бұл қаражатқа Түркиядан арнайы аппарат алып, жұмысын бастап кетті. Бүгінде қарамағында бес адам жұмыс істейді. Соның бірі – Нағима Жүзбенбетова.

– Тамақ өнеркәсібінде тазалық басты орында тұру керек. Сосын технология. Уақыттан жаңылыспай, әрбір процесті дер кезінде орындаған ләзім. Барлық технология талаптарын ескере отырып, дайындаймыз. Бір қайнауы кем болса, дүкеннен қайта келер өнім де молаяды. Ол біздің, яғни мекеменің қалтасын қағады, – дейді ол.

Шіркейліде өріс алған тың идеялар көп. Бұған дейін құрылысқа арналған желім мен сылақтың бірнеше түрі, сондай-ақ қара қағаз шығарылып жатқанын айтқанбыз. Ауыл әкімі Талғат Құламқадіровтің айтуынша, мемлекеттік бағдарламалар халықтың қолтығынан демеп тұр.

– Осы күні ауылда 95 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 85-і тұрақты жұмыс істейді. Елдің тұрмысын жақсартып, қолын аузына жеткізуді мақсат еткен мемлекеттік бағдарламалардың да орындалу қарқыны жоғары. Ерінбей еңбек етіп, тіленбей тойып отырмыз. Жыл басынан он кәсіпкер қатарға қосылды. Ауылдық жер болған соң көпшілігі мал шаруашылығына бейім. Сондықтан аталған шаруа елде жақсы көрсеткішке ие. «Елде болса, ерінге тиеді» деп, ауылдағы шаруашылықтың да септігі тиіп жатыр. Жем-шөптен анау айтқандай мәселе байқалмайды. Одан бөлек, тігін тігу, ағаш отырғызу, құрылыс заттары, визажист, шаштараз, кондитер цехы, құс шаруашылығы тәрізді жобалар да қолдау тапты. Жыл басынан 18 жоба жүзеге асырылады деп күтілуде. Олардың жалпы құны – 36 млн теңге. Айта кетерлігі, 11 жоба қайтарымсыз грантқа ие болды. Жалпы нәтижесі 18 жаңа жұмыс орны ашылмақ, – дейді ауыл әкімі.

Үш мыңға тарта халқы бар Шіркейліде ашылған шағын цехтарға қарап, жаңа кәсіп пен тың идеяда шекара жоқ екенін түсінуге болады. Ауылдық жерден шығарылатын өнімді қалалықтар таласып алып жатқанын көргенде көңілде осындай мақтаныш туады екен. Әсілі, ауыл – қазақтың қарашаңырағы. Ал ауыл дамыса, қауым да кері кетпейтіні анық.

– Түрік айранының шыға бастауы халықтың қуанышын еселеді. Тұрғындар сүтті арқаланып қалаға тасымайтын болды. Ауылдан қанша литр сүт шықса, сонша литрді қабылдап, ақысын лайықты ұсынып жатыр. Көзқарасы қалыптасып, кәсібін ел дамуына бағыттаған А.Нұрмахановтың ісі көпке үлгі. Ел экономикасының дамуына тамшыдай болса да үлесін қосуға даяр осындай жандар жетерлік, – деді ауыл әкімі.

Қала мен ауылдың арасын жалғаған автобус орнынан қозғалды. Бос орынға жайғасып отырып алдық. Расында, бұрындары құтысын құшақтап отыратын апайларды көруші едік. Бүгінгі көлікте артынып-тартынған жолаушылар байқалмайды.

Иә, қолымызда шикізат көп. Тек оны дайын өнім етіп, тұтынушыға бағыттау ғана қалған. Ауылдарда бұл процесс әлдеқашан басталып кетті. Бізді қуантатыны да – сол.

Сырдария ауданы.





Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

БӘРЕКЕЛДІ!

**Қызылорда қаласында 6800 бала жаңа оқу жылынан бастап қоғамдық көлікте тегін жүреді. Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, ол үшін бюджеттен 68 млн 600 мың теңге қаржы бөлінді.**

Назерке САНИЯЗОВА

## 6800 бала автобуста тегін жүреді





Игі бастама ел Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесі негізінде қолға алынып отыр. Ол бойынша қалаішілік автобустарда мына санаттағы оқушылар тегін қатынай алады:

– мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар;

– мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен;

– төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардың балалары;

– жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бірақ отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балалар;

– білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары.

Мұндай балаларға қай сыныпта оқитынына қарамастан, ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қоғамдық көлікте тегін жүру жеңілдігі беріледі. Құжат жинау, рәсімдеу – мектептің шаруасы.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 35 сессиясы 2019 жылғы 19 тамызда сағат 15:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы №271 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы 19 тамызда сағат 09:30-да өткізіледі.

**Облыстық мәслихат.**

№121 (19799) 15 тамыз, бейсенбі 2019 жыл



КЕҢЕС

# Тексеру комиссияларының қызметі жетілдіріледі

**Кеше республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунованың қатысуымен «Тексеру комиссияларының қызметін жетілдірудің негізгі мәселелері» тақырыбында семинар және комитеттің үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті. Оған Есеп комитетінің қызметкерлері мен аймақтардың тексеру комиссияларының басшылары қатысты.**

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.





Кеңес отырысын ашқан Н.Годунова аймақтардың тексеру комиссиялары Тәуелсіз Қазақстанның жергілікті басқару саласында мемлекеттік сыртқы аудитті жүзеге асыратын бірден-бір органға айналғанын айтты. Осы уақыт ішінде аса маңызды институт ретінде қалыптасты. 2011 жылы Президент Жарлығымен республика көлемінде құрылған тексеру комиссиялары өміршеңдігін дәлелдеді. Мамандар жауапты қызметті абыройлы атқаруда. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік аудиттің бюджет қаржысын ел игілігіне пайдалану мен жетілдірілуде маңызы зор саналады. Өңірлердегі жергілікті бюджеттің атқарылуын, аумақтарды дамыту және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын, бюджет кірістерінің толық және уақытылы түсуін бағалаудағы тексеру комиссияларының табанды қызметі ел игілігі үшін аса маңызды екені сөзсіз.

Комитет төрағасы тексеру комиссиялары қаржы тәртібін нығайту және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарып, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекеттің активтерін тиімді пайдалануға, жергілікті бюджет кірістерін арттыруға үлкен үлес қосып жатқанын жеткізді.

– Аймақтарда өткізілген кеңес отырыстарының екі жаққа да пайдасы зор. Жергілікті мамандар пікірлер алмасуға қатысып, өзгерістер туралы кеңірек біліп, тәжірибе жинақтаса, комитет өкілдері жергілікті жерлердегі проблемалардан хабардар болады, – деді ол.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта аймақтардағы тексеру комиссияларын бір орталыққа біріктіру нұсқасын ойластырып көру жөнінде тапсырма берген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлықтау рәсімінде алдағы уақытта аса мән беретін он басым бағытты атағаны белгілі. Бұлардың барлығы да тұрғындар өмірінің сапасын арттыруға бағытталған. Мемлекет бұл мақсаттарға қаржы бөлуде.

– Тексеру комиссияларының міндеті – мақсатты қаржылардың тиімді жұмсалуын қадағалау. Ол үшін жергілікті билік өз аумағында жүзеге асырылып жатқан жалпыұлттық және аймақтық бағдарламаларға қатысты объективті ақпараттарды ұсынуы керек, – деді комитет төрағасы.

Ақшаны жұмсау үшін емес, белгілі мақсаттарға жету үшін табады. Соңғы уақытта бюджет қаржысын жұмсауға қатысты тиімсіз жоспарлау фактілері жиі ұшырасуда. Заңда тиімсіз жоспарлауға, қаржыны тиімсіз пайдалануға қатысты жазалар қаралмаған. Сондықтан да жауапкершілік төмендеп кеткен. Осыған байланысты «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға, «Әкімшілік құқық бұзушылық» кодексіне өзгерістер ұсынылатын болады. Осындай жаңалықтарды жеткізген Н.Годунова Есеп комитеті Тексеру комиссияларының рөлін күшейту мақсатында олардың мәртебесін көтеру және тәуелсіз болуы үшін жұмыс жүргізіп жатқанынан хабардар етті.

Қатысушылар аудиторлардың біліктілігін көтеру, шет тілін үйретіп, оларға халықаралық сертификат беру мәселесі күн тәртібіне қойылып отырғаны туралы естіп білді. Мамандардың біліктілігін көтеру мақсатында облыстық бюджеттерден қаржы бөлу қарастырылады. Бұл шаралар аудит кадрлардың тұрақтауына, олардың жалақысы өсіп, коррупциялық тәуекелдерді азайтуға және ең бастысы сапалы аудит жүргізілуіне тікелей әсер ететін болады.

Мұнан соң кеңес отырысының күн тәртібіне сай Қызылорда және Жамбыл облыстық тексеру комиссияларының есебі тыңдалды.

ЕГІС-2019

# Күрішке орақ түсетін күн жақын

**Күн санап дала жұмыстарына дайындық шаралары да қыза бастады. Диқан қауым тынымсыз еңбегінің өтеуін көрер күн қашық емес. Соған орай, шаруашылықтар егін орағын ұтымды өткізу қамымен қарбаласып жүр.**

*Жұмабек* ТАБЫНБАЕВ.



Биыл Қазалы ауданында ауыл шаруашылығы дақылдары 17 508 гектар жерге егілген болатын. Оның ішінде негізгі дақыл саналатын күріштің көлемі 6 225 гектарды құрайды. Күріш өткен жылмен салыстырғанда аздау егілгенімен, суды көп қажет етпейтін дақылдардың көлемі артқанын атап кеткен жөн.

Егілген дақылды мұқият күтіп-баптау межеленген өнімді алудың кепілі екені талас тудырмайды. Ол үшін маңдай термен қоса біліктілік, қажетті шаралардың атқарылуы маңызды. Шаруашылықтар аммоний сульфаты, карбамид, байытылған суперфосфат тәрізді түрлі минералдық тыңайтқыш, егіс арамшөптеріне қарсы алуан түрлі гербицид сатып алып, химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізген болатын. Дақылдардың өсу дәуіріндегі оңтайлы мерзім ішінде тиісті агротехникалық шараларға сай күтіп-баптау жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілді. Нәтижесінде күтімге алынған күріштің 73 проценті жақсы, 23,5 проценті орташа деп бағаланса, қалғаны қанағаттанарлық деңгейде. Қазір күріш сүттену, гүлдену, масақтану кезеңінде.

Ауданда жаздық бидай мен арпа толық жинап алынса, ескі жоңышқаның екінші орымы басталып кетті. Жем-шөптің төрт түлікке маңыздылығын білетін шаруақор жандар табиғи шөп дайындап, мақсары мен сүрлемдік жүгері жинауға баса мән бермекші. Шаруашылықтарда күріш суын байлау ішінара қолға алынған. Күріштің суын байлау, орақ салу, бастыру жұмыстарының кестесі облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына ұсынылды. Ауданда алғашқы күріш орағы 2-3 қыркүйекте, ал 7-8-ші қыркүйек аралығында жаппай басталады деп күтілуде.

Нақты кезеңде егін жинауға қатысатын техникалардың дайындығы пысықталуда. Техникаларға қажетті қосалқы бөлшектер, қою май, жанармайдың қосымша қорларымен жеткілікті көлемде қамтамасыз етілді. Егін жинау және дала жұмыстарына мемлекет тарапынан кепілді бағамен босатылатын дизель отынын жеткізіп беруші оператор болып «Нефтьтранс-Қызылорда» ЖШС белгіленген. Диқандарды мемлекеттік қолдауға байланысты субсидиялау жалғасын тапты. Егіс танаптарында тіршілік жанданып, қамба астыққа толар сәт те алыс емес.

Қазалы ауданы.

БРИФИНГ

# Мақсатына пайдаланбаса мемлекетке қайтарылады

**Өткен жылы аймақта мыңнан аса жер учаскесі мақсатты түрде пайдаланылмаған. Оның 470-і кәсіптік мақсаттағы жер болса, қалған 667-сі ауылшаруашылық мақсаттағы жер. Қазір тиісті бақылау шаралары жүргізілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы басшысының орынбасары Қанатбек Серікбаев мәлімдеді. Осы жылдың І жартыжылдығын саралаған ол есепті мерзімде ҚР жер заңдылықтарының сақталуына жүргізілген 251 бақылау шарасының нәтижесінде 221 заң бұзушылық дерегі анықталғанын жеткізді.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Орын алған құқық бұзушылықтарға 17 дерек бойынша 1926,875 мың теңге көлемінде айыппұл, 24 дерек бойынша ескерту түріндегі әкімшілік жаза қолданылды. Сондай-ақ, 180 дерек бойынша заң бұзушылықты жою туралы нұсқамалар берілді. Салынған айыппұл сомасының 1557,125 мың теңгесі мемлекетке өндірілді. Одан бөлек, 186 жер теліміне қатысты меншік иелері мен жер пайдаланушыларға берілген заң бұзушылықты жою қажеттігі туралы нұсқамалары жер учаскесіне құқық ауыртпалығын тіркеу үшін Әділет органдарына жолданды, – деді ол.




Бүгінде нұсқама талабын мәжбүрлеп орындату және жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою мақсатында сотқа 21 талап арыз жолданған. Қазіргі сәтте 7 жер учаскесін мемлекет меншігіне қайтаруға шешім қабылданыпты.

– Облыс әкімінің бірінші кезектегі іс-қимыл жоспары бойынша пайдаланылмаған немесе ҚР заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын барлық ауылшаруашылық жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруға бақылауды күшейтудеміз. Осыған сәйкес, жалға беру шартын біржақты бұзу арқылы және түсіндіру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 9965 гектарды құрайтын 38 жер учаскесі мен сот шешімі бойынша мәжбүрлі түрде 88 гектар болатын 1 жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды. Сондықтан жер алған әрбір тұрғын заңға сәйкес берілген жер телімін мақсатты түрде пайдаланса деген өтінішіміз бар, – деді облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы басшысының орынбасары.

БІЛІМ

# Грант иегерлері белгілі болды

**Жуырда ҚР Үкіметі 2019-2020 оқу жылына арналған көпбалалы және әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларына қосымша 5 мың грант бөлген болатын. Оның 390-ы біздің облысқа берілді. Осыған орай облыс әкімдігінде комиссия отырысы өтті.**

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Бөлінген гранттың 151-і педагогикалық ғылымдар, 86-сы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 50-і ауылшаруашылық және биоресурстар, 89-ы инженерлік, өңдеу және құрылыс саласына тиесілі. Ал әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат саласына – 7, өнер және гуманитарлық ғылымдарға 7 грант бөлінді.

Тамыздың 5-10 аралығында барлығы 167 құжат қабылданған. Конкурсқа 5 жоғары оқу орны қатысты. Оның ішінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне – 192, Қызылорда «Болашақ» университетіне – 118, Қазақ Ұлттық аграрлық университетіне – 25, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне – 25, Астана халықаралық университетіне 30 орын бөлінді.

Бір айта кетерлігі, талапкерлердің басым бөлігі педагогикалық мамандықтарды таңдап отыр.

Комиссия отырысының қорытындысымен 151 үміткер грант иегері атанса, қалған талапкерлердің құжаттары конкурс талаптарына сәйкес келмеген. *(Грант иегерлерінің тізімі газетіміздің 4-ші бетінде жарияланып отыр.)*




## Әлем жаңалықтары

### Нотр-Дамды тазалау басталды

**Парижде әйгілі Нотр-Дам шіркеуін өрттен кейін қорғасыннан тазалау жұмыстары басталды. Шіркеу маңындағы бүлінген жерді қазу үшін жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысы тоқтады. Тегіс қабаттарға қысыммен арнайы тазалайтын сұйықтық, орындықтар, гүл құтылары мен фонарьларға арнайы гель шашылады.**

Мамыр айының басында Париж полициясының префектурасы шіркеу маңындағы топырақ құрамында қорғасынның шамадан тыс артып кеткенін айтқан. Сол үшін Нотр-Дамның айналасындағы жер қабатының 40 сантиметрін қазып алып тастауға шешім қабылданған.

Естеріңізде болса, 15 сәуірде Париж Құдай Ана шіркеуі өртеніп, ғимараттың төбесі қатты зақымданған еді. Дегенмен, негізгі конструкция мен жәдігерлер өрттен аман қалды. Тергеушілер қызыл жалын қысқа тұйықталудан болған дейді. Сол кезде шіркеудің салмақ түсірілетін құрылымы мен төбесі қорғасыннан болғандықтан, жақын маңда тұратын тұрғындарға ауаның ластануы мүмкін екені хабарланған.

### Телефонға тәуелділіктен қалай құтыламыз?

**Балаларымыздың смартфоннан бас алмайтынына тек біз ғана емес әлемдегі ата-аналардың барлығы да алаңдаулы. Италияда жергілікті билік жеткіншектерді телефоннан ажыратудың амалын іздеуде. Ол үшін ата-аналарының рұқсатымен балаларды арнайы сауықтыру орындарына жібереді.**

Өйткені осы елде мобильді телефонсыз қалу, яғни номофобия 10 жасөспірімнің 8-де кездеседі. Сарапшылар телефонын жоғалтып алудан, интернеттен ажырап қалудан қорқатын балалардың күніне 75 рет қалтасы мен сөмкесін тексеретінін айтып отыр. Жеткіншектердің 62 проценті түнімен интернетте отыратындықтан, бұл оқу үлгеріміне, денсаулығына кері әсерін тигізуде. Психологтар болса, номофобияға шалдыққандар тіс дәрігеріне барған кездегідей стресс алатынын айтып отыр.

Телефонға тәуелді балаларды Италияның Денсаулық министрлігі, полиция анықтайды. Сауықтыру шаралары мемлекет есебінен жүзеге асырылмақ.

### Жабайы аңдар азайып кеткен

**Бүкіләлемдік жабайы табиғат қорының (WWF) зерттеулеріне қарағанда, соңғы 50 жылда жер бетіндегі аңдар саны екі есеге дейін азайып кеткен. Бұл әлемдегі биотүрлілікке кері әсерін тигізеді. Әсіресе қосмекенділер, соның ішінде құрбақалар, сүтқоректілер, маймылдар мен орман пілдері жоғалып барады.**

WWF зерттеушілері жабайы аңдардың азаю себебін ормандардың оталуынан іздеп, тіршілік ортасы тарылған соң, барар жері жоқтықтан қырылып жатқанын айтты. Аңдар парник газын сақтауға, климаттық дағдарыстың бетін қайтаруға әсер ететін болғандықтан табиғат қорғаушылар осылайша дабыл қағуда.

**М. МЕРЕЙ.**

## Қызмет сапасы бақылауда

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалы медициналық қызметтерді сатып алып қана қоймай, көрсетілген қызметтердің сапасын тексереді. Облыста мемлекеттік тапсырыс бойынша халыққа 74 медицина ұйымы қызмет көрсетеді, оның 44-і жекеменшік.

Стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмекті жеткізушілердің мониторингін «Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі» күн сайын жүзеге асырады. Бұдан басқа, медициналық мекемелерге бару арқылы да мониторинг жүргізіледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» облыстық филиалының медициналық қызмет сапасын мониторингтеу бөлімінің басшысы Гүлнар Кенжебаеваның айтуынша, үстіміздегі жылдың екі тоқсаны бойынша медициналық ұйымдарда 67,7 млн теңгеден асатын кемшіліктер анықталды. Анықталған негізгі кемшіліктер мыналар: емдеу-диагностика шараларының стандарттарын сақтамау, медициналық құжаттарды сапасыз толтыру, медициналық қызмет ақысын негізсіз қымбаттату. Өңірлік комиссияның шешіміне сәйкес бұл қаражат қажеттілігі мен басымдығы бойынша облыстың медициналық ұйымдарына қайта бөлінетін болады.

Айта кетейік, биыл медициналық ұйымдарға тұрғындарға кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсету үшін 42,4 млрд теңге бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,5%-ке артық.

**Барлыбек БАТЫР.**



# Экономика: Қазақстанда транзитті жүк тасымалы артты

Қытай халқында «Бай болғың келсе, жол сал» деген тәмсіл бар екен. Бұл дана сөз бірлесе жаңғыртып жатқан Ұлы Жібек жолының тарихына да тікелей қатысты. Екі мың жыл бұрын адамдардың батылдығы мен іскерлігінің арқасында Еуразия жолдардың бір желісіне біріккен еді. Мұны адамзат тарихындағы жаһанданудың алғашқы қадамдары деуге болады.

Елбасының әрдайым атап көрсеткеніндей, әлем жұртшылығы қарама-қайшы геосаяси тұжырымдардан шаршады. Барған сайын геоэкономика мен бірлесе дамудың маңызы артып келеді. Бұл орайда «Бір белдеу – бір жол» экономикалық ынтымақтастық үшін ашылатын жаңа мүмкіндіктерден де ауқымды әрі маңызды жоба болып табылады. Бұл – әлемдегі 120-дан астам мемлекеттің қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, кеңінен сауда-саттық жасауға және өсіп-өркендеуге деген тарихи сұранысынан туындаған бастама.

Қытайда осы жылдың сәуір айында өткен форумда Елбасы саяси қарама-қайшылыққа, санкциялар мен сауда текетіресіне қарамастан, осы бастама аясындағы сауда көлемі артып, бүгінде 5 триллион доллар құрап отырғанын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Бір белдеу – бір жол» бастамасы жаһанданудың жаңа үлгісін ұсынғанын айтты.

Тарихи кезең әлемдік ықпалдастық орталығын қайтадан Шығысқа қайтаруда. Біз бүгін Азияның шын мәнінде XXI ғасыр өңіріне айналғанын көріп отырмыз. Әлемдік Ішкі жалпы өнімнің 28 проценті осында шоғырланған және бұл көрсеткіш арта береді. Қазірдің өзінде шығыстандыру үрдісі ықпалдасудың жаңа бағыттарын ұсынуда.

«Бір белдеу – бір жол» бастамасы географиялық жағынан орналасуға және даму үдерісіндегі теңсіздіктерге қатысты сын-тегеуріндерді еңсере алды. Еуразия қайтадан біртұтас кеңістікке айналуда. Құрлықтың әртүрлі және қашықтықта орналасқан өңірлері екі мың жыл бұрынғыдай бір желіге бірікті. Қазақстан қысқа мерзім ішінде күрделі табиғи жер бедерлерін және геосаяси қарама-қайшылықтарды айналып өткен экономикалық дәліздер құра алды.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан соңғы он жыл ішінде инфрақұрылымды, көлік-логистика активтерін және құзыреттілікті дамытуға шамамен 30 миллиард доллар инвестиция салды. 3 мың шақырымға жуық ұлттық теміржол желісі және 12,5 мың шақырым автомобиль жолдары салынды немесе қайта жөндеуден өтті. Еліміздегі теңіз және әуе порттары жаңғыртылды. Нәтижесінде қысқа мерзім ішінде біздің елде заманауи және бәсекеге қабілетті транзиттік хаб құрылды.

Қазақстанда 2016 жылдан бастап «Нұрлы жол» бағдарламасын «Жібек жолының» Экономикалық белдеуімен ұштастыру жоспары табысты іске асырылуда. Еуропа мен Қытайды Ресей мен Қазақстан арқылы «Батыс Европа - Батыс Қытай» құрлықаралық жоғары деңгейлі автомагистраль байланыстырды. Біздің еліміз Қытайдың Ляньюньгань портында логистикалық терминал салды. «Қазақстан-Түрікменстан-Иран -Парсы шығанағы» бағытындағы теміржол іске қосылды. Қытайдан Оңтүстік Кавказға, Түркияға және одан әрі Еуропаға Қазақстанның Ақтау және Құрық порттары арқылы жөнелтілетін жүктердің көлемі артып келеді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, «Бір белдеу – бір жол» жобасын жүзеге асыру он жыл ішінде Қазақстанға бір жылдық сауда айналымын 2,5 триллион долларға жеткізуге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Российская газета» сайтына берген сұхбатында «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясында Қытай, Ресей және Қазақстанға ортақ болашақта жүзеге асырылатын бастамалар туралы айтты.

«Дүние жүзінде ашық теңізге шыға алмайтын, бірақ Еуразия құрлығы орталығында геостратегиялық тиімді жағдайға ие ел ретінде Қазақстан үшін бұл жобаның маңызы зор. Бұл жоба Батыс пен Шығысты, Еуразия континентінің Солтүстігі мен Оңтүстігін байланыстырып тұрған транзиттік аймақ ретінде еліміздің стратегиялық позициясын нығайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан төраға Си Цзиньпин 2013 жылы Қазақстанға жұмыс сапары барысында ұсынған жобаның мақсаты мен қағидасына сүйене отырып, біз оны жүзеге асыруға белсенді араласамыз», – деді Мемлекет басшысы.

Қазір құрлық пен теңіз арқылы тасымалдаудың жаңа Азия-Еуропа дәлізі арқасында көлік шығыны мен Қазақстанға тауар жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқарды. Сонымен қатар, президент Еуразия құрлығындағы ірі мемлекет Ресей үшін де Қытай бастамасына қатысу елеулі мүмкіндіктерге жол ашады.

Бұл жерде «Батыс Европа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі, тиісті транзиттік-логистикалық инфрақұрылым, әуе және теңіз айлақтарын жаңарту, жаңа өндіріс күштерін қалыптастыру туралы сөз болып отыр. Маңызды жобалардың бірі ретінде қазір еуразиялық жүрдек теміржол магистралі құрылысының мүмкіндіктері қарастырылуда.

Қазір «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы Қытай мен бүкіл еуразиялық өңірдің өзара сауда-экономикалық, өндірістік және логистикалық іс-қимылдарын кеңейтуге жаңа мүмкіндік беріп отырғаны айтылуда.

«Бір белдеу – бір жол» бастамасын Еуразиялық экономикалық одақтың басқа бағдарламаларымен ұштастыру бүкіл еуразиялық кеңістіктің экономикалық дамуына жаңа серпін бере алады.

Қазіргі таңда көптеген мемлекет «Бір белдеу – бір жол» құрылысына атсалысып жатыр. Бұл дегеніміз бастаманың бір ғана емес, бірнеше елдің ұстанымына сәйкес келетінін білдіреді. Қытай тарапы халықаралық ұйымдардың, әсіресе Халықаралық валюта қорының белсенді іс-әрекетін қолдайды. Қытайдың сауда жолы бойындағы барлық елге көзқарасымыз бір. Ұлы Жібек жолының бойында жүздеген мемлекет жатыр. «Бір белдеу – бір жол» құрылысына солар түгелдей қатысуда. Тіпті Африка, Латын Америка және Тынық мұхитының оңтүстік жағалауындағы елдер де инфрақұрылымдарын жаңғыртып, сауда керуендеріне жол ашуға кірісті. Қазақстан транзиттік әлеуетін әуелде-ақ қалыптастырып қойды. Осыны ескерген Нұрсұлтан Назарбаев контейнерлік тасымалдан ел қазынасына түсетін пайданы 5 млрд АҚШ долларына жеткізу жөнінде тапсырма берген болатын. Содан бері көрсеткіш 3 млрд долларға жуықтап қалды. Елбасы осыдан 2 жыл бұрын өткен алғашқы форум кезінде де тиісті ұсыныстарын айтып, Қазақстанды транзиттік хабқа айналдыру жолында біраз бастама көтерді. Бір парасы Жібек жолы бойындағы қызмет көрсету деңгейін арттыру, әкімшілік кедергілерді жою және осы секілді нақты жобаларға Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкін тартуға бағытталды.

Қорыта айтқанда, ежелгі Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыруы Қазақстанның транспорттық әлеуетін арттырып, бюджеттің қосымша табыс көзін ашуға мүмкіндік береді.

**Ж.ӘЛМАХАН.**

БРИФИНГ

# Ел игілігіне – екі көпір

**Қызылорда қаласындағы автобус паркін жаңа қоғамдық көліктермен толықтыру мәселесі қаржылық мүмкіндікке қарай шешіледі. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Мұрат Тілеуімбетов айтты.**

**Назерке САНИЯЗОВА.**



Бүгінгі күні қала ішінде 32 бағыт бойынша жолаушыларды 680 автобус тасымалдап жүр. Осыған дейін 120 қоғамдық көлік сатып алынды. Басқарма өкілі олардың қатарын толықтыру бюджеттің мүмкіндігіне байланысты екенін жеткізді.

Брифингте сапасы сын көтермейтін «Қызылорда-Жезқазған» жолының жайы да сөз болды.

– Екі аралықтағы жолдың 30 шақырымы ғана салынып, жұмыс тоқтап қалды. Мәселе Үкімет деңгейінде көтеріліп, оны шешу мүмкіндіктері қарастырылып жатыр. Жоспар бойынша жол құрылысы 2021-2022 жылдары жүргізілуі тиіс. Сол кезде жолаушы және жүк тасымалының сапасы жақсарады, – деді М.Тілеуімбетов.

Ал облыс аумағындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерінің биыл 192 шақырымы жөнделеді. Қазалы ауданындағы «Әлсейіт», Қызылорда қаласындағы «Ширкейлі» көпірлері де осы жылы пайдалануға берілмек.

# Жол сапасы жақсара түседі

**«Нұрас және Компания» ЖШС бұрынғы Қазалы өндірістік жол пайдалану учаскесі негізінде құрылған. Негізгі қызметі – жол жөндеу және жол құрылысы бойынша мемлекеттік тапсырыстар орындау, басқа да заңды және жеке тұлғаларға жол жөндеу техникаларын жалға беру.**

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ**



Алғаш құрылған сәттен бастап серіктестік аудан көлеміндегі республикалық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдары, кент пен Қазалы қаласы, ауылдық округтері орталықтарының көше жолдарын мемлекет тапсырысы бойынша ағымдағы және орташа жөндеу, жаңадан жол құрылысы жұмыстарымен айналасып келеді. Біршама уақыт бұрын Қазалы қаласының автомобиль жолдарына жөндеу жүргізсе, «Казахавтодор» мекемесіне қосымша мердігер ретінде «Самара - Шымкент - Шиелі-Жемісжидек», «Шиели-Қарғалы-Байкенже-Жаңақорған» автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстарын атқарған еді. Арада жыл өте «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» аудандық маңыздағы автомобиль жолының белгіленген аралығын, «Әйтеке би-Басықара» учаскелеріне орташа жөндеу, аудандық маңыздағы автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу, кенттегі №4 участок көшелері құрылысын, өзге де жұмыстарды жүргізген.

Серіктестіктің өндірістік базасында әкімшілік ғимараты, қоймалар, жол құрылыс техникаларын жөндеу шеберханалары, гараждары бар. Мекеме жол жөндеу техникаларын жаңарту мақсатында Қытай Халық Республикасында шығарылған қуатты жүк көліктері, жүк тиегіш, автогрейдер, Германиядан жол жөндеу жұмыстары барысында асфальт қабатын жаятын құрылғы сатып алыпты. Байырғы механизаторлар, еңбек тәжірибесі мол жұмысшылардан жасақталған «Нұрас және Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің алар асуы алда.

Қазалы ауданы.

# Аралдағы жаңа сауда үйі

**Теңіз төскейіндегі кәсіпкерлік саласының дамуында соны серпіліс бар. Оған жаңадан ашылып жатқан нысандар дәлел болады. Жуырда тағы бір игілікті шара жүзеге асты.**



Арал қаласындағы «Саида» сауда үйінің ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев елімізде мемлекет тарапынан кәсіпкерлік саласын, бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасалып жатқанын, облыс көлемінде жарияланған Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 3 жылдығы аясында кәсіппен айналысуға ниетті іскер жандардың қатары артқанын айта келе, жаңадан ашылған сауда үйінің тұрғындарға сапалы өнім ұсынып, тиімді қызмет көрсетуіне тілектестігін жеткізді.

Жеке кәсіпкер Нұргүл Қыздарбекованың бастамасымен салынған заманауи үлгідегі «Саида» сауда үйінде тұтынушыларға тұрмысқа қажетті заттар ұсынылады. Бұған дейін ашылған «Саида» маркеттер желісінің азық-түлік сататын бөлімшесі тұрғындарға сапалы қызмет жасап келе жатқанын, екі сауда орнында 28 адам жұмыспен қамтылып отырғанын атап кеткен жөн. Сауда орындары заманауи техникалармен, кассалық аппараттармен және тексеру құрылғыларымен толықтай жабдықталған.

**«СБ» ақпарат.**

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# Кәріз жүйелері қайта жаңғыртудан өтуде

**Ұлттық Экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті облыс бойынша департаментінің бастамасымен баспасөз туры өтті. БАҚ өкілдері «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның көпқабатты тұрғын үйлердің кәріз жүйелеріне жүргізіп жатқан жаңғырту және қайта қалпына келтіру жұмыстарымен танысты.**

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**





Алғашқы нысан қаланың Есенов көшесіндегі көпқабатты тұрғын үйлер болды. Мұнда тозығы жеткен кәріз құбырларына толығымен жаңғырту жұмыстарын «Нұрай-Ақжол РГ» ЖШС мердігер мекемесі жүргізуде. Бұдан бөлек, мекеме Абай даңғылы мен Ғ.Мұратбаев көшелеріндегі және №14 КНС-ке дейінгі кварталаралық 6,5 шақырым кәріз жүйелерін қайта жаңғыртудан өткізеді. «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорнының директоры Марат Жәмиевтің айтуынша, бұл үйлердің кәріз жүйелері 1970 жылдан бері жөндеуден өтпеген.

– Үйлердің кәріз құбырлары салынғалы жөндеу көрмеген. Биыл қолға алынуда. Жұмыс толығымен қыркүйек айында бітеді. Пайдалануға берілген соң тұтынушылар жағымсыз иістерден, өжірені су басу секілді мәселеден құтылады. Ең бастысы, халыққа көрсететін қызмет сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Кәріз құбырларының жарамдылығы – 50 жыл. Мұндай жаңғыртуды қажет ететін нысандар көп. Бірақ бәрі кезең-кезеңімен шешімін таппақ, – дейді М.Жәмиев.

Айта кету керек, “Өңірлерді дамыту – 2020” бағдарламасы бойынша биыл 12 КНС-ке қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, 2 ауыз су нысаны мен 1 кәріз су жүйесі күрделі жөндеуден өтеді.

Мұнан кейінгі бағыт «Қызылорда су жүйесі» МКК теңгеріміндегі «Мерей» II су көтеру насос станциясы болды. 1982 жылы салынған станция былтыр қайта жаңғыртудан өткен. Жобалық қуаттылығы – тәулігіне 4800, нақты су беру қуаттылығы – 2590 текше метр. Бұл су алу құрылымы арқылы «Мерей» және “Ақмешіт” мөлтек аудандары үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етілуде.

– Бізде 4 су тоғаны бар. Соның бірі – «Мерей» II су көтеру насос станциясы. Өткен жылы қайта жаңғыртудан өтті. 4 насос қондырғысы жұмыс жасап, халықты таза ауызсумен қамтып отыр. Жалпы Қызылорда қаласында бұрынғыдай жоғары қабаттарға су көтерілмеу мәселесі қазір жоқ. Өйткені, 2018 жылы ауыз су құбырларына бірқатар жөндеу жүргізілді. Соның ішінде «Қызылжарма», «Мерей» су алу құрылымдарында, №15,14 КНС ауызсу және кәріз су нысандарының ашып-жабу ысырмалары ауыстырылды. Сондай-ақ, қолданыста қатар жүрген 20 шақырым ескі су құбыры орталық ауыз су жүйесінен ажыратылып, судың қысымы көтерілді. Қаладағы көпқабатты үй тұрғындары көтерме насос қондырғыларын пайдаланбайтын болды, – деді «Қызылорда су жүйесі» МКК директоры Марат Жәмиев.

ЖӘДІГЕР

Қазақ жерінде болған саяхатшылар мен қазақ даласын зерттеуге келген орыстың әскери шенеуніктері қазақтарда зергерлік өнердің өте ертеден келе жатқанын жазып кеткен (И.Г.Андреев, А.К.Гейнс, А.И.Левшин, т.б.).

Зергерлік өнерде әртүрлі сәндік-әшекей бұйымдар жиі кездеседі. Әшекейдің мағынасына тоқталар болсақ, ол кимге, тұрмыстық бұйымдарға безендіруге пайдаланылатын, сәндік үшін жасалатын бұйымдар және заттың бетіне салынатын ою-өрнек түрі. Мұндай әшекей-нақыштар жүннен жасалатын бұйымдар (текемет, сырмақ, алаша, коржын т.б.), киіз үйдің бау-басқұрлары, ат-әбзелдері (былғары тоқым, кежім, жабу), құрылыс-сәулет орындары (есік, маңдайша, жақтау, дуал және т.б.), кием-кешектер, ыдыс-аяқтар пен жиһаздар, қару-жарақтармен байланысты қолданылады. Қазақта әшекейленбеген зат, бұйым жоқ деуге болады, себебі қолөнер шеберлері ұлттық нақыштағы әшекейлерді өңдеп, түрлендіріп, жетілдіріп қолданып отырған.

# Зер қадірін зергер білер



Ол тағылатын түрлеріне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Басқа тағатын түрлері – шеке, самай, маңдай, құлақ, мұрын, бұрымға тағылатын әшекейлік заттар. Шекеге тағылатын түрлері – шекелік. Самайға тағылатын түрлері – сырғалық, айшық, жақ моншақ, сырға. Маңдайға тағылатын әшекей түрлері – күміс теңгелер, шырмауық. Құлаққа тағылатын түрлері – сырға, бет моншақ. Мұрынға тағылатын түрлері – зере, зерен, зейір, зер. Бұрымға тағылатын түрлері – шашбау, шашқап, шолпы, шашқа тағатын түйреуіштер, шашмоншақ. Мойынға тағылатын түрлері – алқа, бойтұмар, моншақ, тұмарша, әйкел, ділда алқа, тұмар. Кеудеге тағылатын әшекей түрлері – өңіржиек, түйреуіш. Қолға тағылатын түрлері – білезік, мөр, сақина, балдақ, жүзік. Киімге тағылатын әшекей түрлері – түймелер, қапсырмалар, белдік, белбеу, тана, танакөз, талмоншақ.

Ертеде қазақтар әшекейленген шытыра, зерен сырға, зер, тұмар және т.б. зергерлік бұйымдарды мал бойына және ер-тұрмандарына да таққан.

Тас дәуірінен жалғасқан тасшылық өнері қола дәуірінің осы өркениетіне тоғысып, гауһар, жақұт, алмас, қас тасы, меруерт сияқты аса бағалы тастардан көз орнатқан сәндік жабдықтарды, әсемдік бұйымдарды жасау технологиясын қалыптастырды. Мәселен, қазақтар ағашқа, ер-тұрманға асыл тасты не тассыз күміс әшекейлі шытыраны пайдаланған. Ал зейірді қойдың мұрнына өткізілетін зерлі шығыршық ретінде таққан. Ертеде қазақтар тіл-көзден сақтасын деген мақсатта жүйрік аттарының мойнына әйкел таққан. Зергерлер әшекейленген тұрмыстық бұйымдар алтын аяқ, жағдан, адалбақан, алтын ер, пышақ және т.б. адамдар күнделікті тұрмыста жиі қолданған.

Әшекей түрлері негізінен қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесін айқындайтын қызмет атқарады. Қазақ шеберлері зергерлік бұйымдар жасауға қажетті материалдарға алтын, күміс, бақыр, мыс, жез, темір, қалайы, қорғасын, асық, березе, алмас, гауһар, зуһра, көк тас, лағыл, маржан, меруерт, інжу сияқты асыл тастарды пайдаланған.

Қазақ зергерлері алтынмен аптау, алтынмен булау, алтын шабу, күміспен күптеу, қақтау, көз орнату, сымға тарту, қара ала жүргізу, сымкөп жүргізу, ою салу сияқты әшекейлеу, өңдеу тәсілдерін жиі қолданған. Байлар шеберлерге арнайы тапсырыс беріп, сырға жасататын болған.

Әшекейді ерекшелеп, айшықтап, ондағы әртүрлі заттарды әдемі, сәнді көрсететін үкі, шоқ, әдіп, алтын-күміс ілгектер, шытыралар, салпыншақтар, қоңыраушалар сияқты құрамдас бөліктер де бар. А.Шевцованың пікірі бойынша Сыр өңірінің зергерлері алтынға қарағанда күміс қолжетімді болғандықтан күмісті жиі пайдаланған, сонымен қатар мысты да әшекей бұйымдарын жасауға қолданған. XIX ғасырдан бастап қазақ халқы металдың сыртынан алтын немесе күміс жалату тәсілін қолданған. Ал халық ауыз әдебиетінде Дәуіт пайғамбарды – тұңғыш ұста әрі зергер, шеберлерді жебеуші рух ретінде көрсеткен. Оның есімі металл, әсіресе алтын мен күміс өндірудің басталуымен, кәсіпшілікке байланыстырылады. Дәуіт пайғамбардың қолы отқа күймеген, балға мен қысқышты пайдаланбай-ақ темірді ие беретін болған деп жазған.

1803-1804 жылдары қазақ арасында тұтқында болған Савва Большой деген кісі де қазақтарда зергерлік өнердің өте ертеден бастау алғанын жазған. Революцияға дейін жарық көрген «Обзоры Акмолинской области за 1904 год» атты жинағында «...У казахов существуют особые художники и золотых дел мастера» деп атап көрсеткен. Ақтөбе облысының батыс жағында тұрған А.К.Гейнс 1892 жылы «Литературный сборник» атты еңбегінде «қазақтар күмісті балшық тостағанға салып, жуан қаңбақ түбірінен жаққан көмірге қыздырып қорытады» деп жазды. Қазақ халқының қыз-келіншектері сырға, сақиналарды жоғары талғаммен таққан. Ертеде қазақтар әйелдің қолында не жүзігі, не сақинасы болуы керек деп санаған, ол болмаған жағдайда дайындаған тағамын арам деп білген. Күмістен сақина, жүзік салған әйел дайындаған сусынды қонақ адал деп сүйсініп ішкен.

Орыс зерттеушісі А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде қазақ әйелдері қолдарына сақина, жүзік, білезіктер, сонымен қатар құлақтарына сырға, кеудесіне күмістен айылбас және түрлі тастармен безендірілген өңіржиектер тағынып жүргені жайлы мәлімет берілген.

Осы деректерге қарағанда қазақ шеберлері зергерлік өнерді көне заманнан білгені даусыз. Бірақ олар алтын-күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші мемлекеттерден сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі зергерлер алтын мен күміс ақшаларды қайта балқытып немесе сол күйінде соғып пайдаланған.

Қазақ тілінде алтын, күміс, жез, мыс сияқты түсті металдардан жіңішкелеп суырылған жіптерді зер деп атайды да зерлі тон, зерлі шапан, зерлі кимешек және т.б. сөз тіркестері жиі кездеседі. Сондай-ақ зер, зерделі деген сөз асыл, таза жігер, намыс деген ұғымдарда да қолданылады. Зергерлер мен темір ұсталары бұйымдарын металдан, негізінен алғанда күміс пен мыс, темірден жасаған. Зергерлік өнер атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырған. Ұсталықпен ер кісілер айналысуы шарт болса, зергерлік өнермен әйелдер де, көбінесе зергердің әйелдері айналысатын болған. Егер зергер кісі дүниеден қайтып, оның жолын қуатын балалары болмаса, кейбір кезде оның зергерлік қызметін әйелі атқаратын болған. Зергерлер негізінде кез келген бұйымды тапсырыс берушінің өз материалынан жасайтын болған. Олар әртүрлі құрал-саймандарды пайдаланған. Сәндік қолөнер – халықтың мәдениеті мен өнерінің айқын көрінісі. Қошқар мүйіз ою-өрнегі тоқыма бұйымдарға ғана арналған. Зергерлік туынды көлемі мейлінше ықшам болып келеді. Оның үстіне зергерлік өнердің өзегі халық әшекейімен, дәстүрімен сабақтасып жатуы керек.

Енді Қызылорда облысындағы құнды бұйымдарды жасап, халық арасында өнерлерімен танымал зергерлерге тоқтала кетейік. Зергерлердің бірі – Құдайберген Құлмамбетов Сыр бойына қолөнермен және майлы бояумен сурет салудан аты шыққан, көпке белгілі шебер 1954 жылы дүниеге келген. Кіндік қаны тамған жері – Арал қаласы. Құдайбергенге зергерлік, ұсталық өнер әкесі Тағжаннан дарыған.

Тағжан ұстаның артында қалған жалғыз ұл Арал қаласындағы Т.Шевченко атындағы қазақ орта мектебіне 1962 жылы қабылданып, оны 1973 жылы бітіреді. Таланты ерте танылған талапкер жас мектепте қоғамдық жұмыста белсенді болады. Сурет салады, қабырға газетін безендіреді, қолөнермен шұғылданады. Жоғары класта оқып жүргенінде салған суреттері мен жасаған қолөнер бұйымдарын ұстаздары мектеп залына қойып, ата-аналарға экспонат ретінде көрсетеді. Мектеп әкімшілігі баланың еңбегін бағалап марапаттайды.

Құдайберген тұрмыс жағдайына байланысты мектепте алған білімін одан әрі жалғастыра алмайды. Кәсіпкерлікке ден қояды. Еңбек жолын Арал ауданындағы балықшылар тұтыну одағында 1974 жылы көркемдеуші-суретші болып бастайды. Тағжан ұстаның құдайы көршісі болған соғыс және еңбек ардагері Омар Қарамырзаев ақсақал осы ұсынақты жігіт үшін одақ басқармасынан штат аштырып, жұмысқа орналасуына демеуші болады. Басқарма төрағасы Тілес Бохаев оны қамқорлығына алады. Құдайберген оның қарауында одақ тарағанша 23 жыл бойы еңбек етеді. Бір жағынан өзінің өнерін де жетілдіреді.

Аудан, облыс жұртшылығына еңбегімен танылған Қ.Құлмамбетов 1993 жылы әкесінің ұстап-тұтқан зергерлік, ұсталық құралдарын аудандық тарихи-өлкетану музейіне тапсырады, арнайы ұстахана бұрышын аштырады. Өзі 1996 жылдан бастап ұсталық, зергерлік өнерге біржола ден қояды. 1970 жылдан бастап әртүрлі тақырып аясында өткізілген көрме-жәрмеңкелерге қатысып келеді. Содан бері қатысқан көрмелерінің саны 25-ке жетті. Бұл қолданбалы өнер иесінің еңбекқорлығын және оның бұйымдарының өтімділігін айғақтайды.

Қ.Құлмамбетов заман ағымына ілесіп, нарық талабына бейімделуі мақсатымен зайыбы Райла екеуі 2004 жылы шағын «Мұрагер» жеке кәсіпорнын құрды. Хас шебер халықтың сұраныс үдесінен шығумен бірге ісін жалғастыратын шәкірттерін де шеберлікке баулып келеді.

Келесі жас зергер – Бекзат Жақыпов темір мен асыл тастарды көркем өңдеу өнерін меңгерген. Бұл шебердің өзіндік қолтаңбасы қазақ зергерлерінің тәжірибесіндегі халық дәстүрі мен әдіс-тәсілдердің интерпретациялық шығармашылығына негізделген. Бойтұмарлар, тұмарлар, жүзікті білезіктер (бес білезік) және тағы басқа әшекейлер шебердің аса нәзік талғамы мен материалды танудағы сұңғылалығынан туындаған. Негізгі әшекейлерге көрік беретін, баяндылық пен бақыт нышанын білдіретін үлкен көгілдір ақық тасы қондырылады. Бекзат Жақыпов – Сыр еліне әйгілі «Бекзат зергер» атанған зергерлік өнерді бұлжытпай бүгінгі кезге ұштастырушы шебер.

Қорыта айтқанда, қазақ шеберлері жасаған зергерлік бұйымдар ата-бабаларымыздың он саусағынан өнері тамған, өздері сері, жандары сұлу болғанын паш етіп, ерекше дәлелдей түседі.

Зергерлік өнерді халық өнері деудің мәнісіне келсек, жасалған сәнді бұйымды баяғыда бір ұста жасап, безендірген, өз заманында оның аты-жөнін халық білген, бірақ көп уақыттан кейін оның аты ұмытылып, жасаған бұйымы халықтікі болып кеткен. Шебер түрлі материалдарды өңдеу үшін құрал-саймандарды пайдаланып, өз қол күшімен көп еңбек етіп, сәнді бұйымдар жасаған. Қолөнермен айналысқан ұсталар, көшпелі елмен бірге көшіп-қонып жүріп өнерлерін дамытып отырған. Бұл ұсталардың құрал-саймандары көлемі шағын, саны аз ғана болғанымен, олардың жасаған сәнді бұйымдары ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, бүгінгі күнге жеткен.

**Гүлсара ӨТЕБАЕВА,**
**облыстық тарихи-өлкетану музейі «археология және этнография» бөлімінің ғылыми қызметкері.**

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019-2020 оқу жылына көпбалалы отбасылардың балалары мен атаулы әлеуметтік көмек алушыларға қосымша бөлінген грант иегерлерінің тізімі

### Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

**B001 Педагогика және психология**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Дүйсен Жансая Амангелдіқызы | 732300335 | 97 |
| 2 | Бексеит Кеулімшат Бексұлтанқызы | 732300677 | 76 |
| 3 | Қаржаубай Мадияр Қаржаубайұлы | 732300387 | 71 |
| 4 | Дәрібаева Айжан Еламанқызы | 816300104 | 68 |
| 5 | Сайфназар Саида Тайржанқызы | 817300045 | 64 |

**B004 Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Жарылқасым Жаннұр Сексенбайқызы | 817300363 | 112 |
| 2 | Тұрсынбай Дарын Жарқынұлы | 817300256 | 110 |
| 3 | Кумісбайқызы Ақтоты | 732300528 | 110 |
| 4 | Сахит Ертарғын Талантұлы | 777300115 | 109 |
| 5 | Базарбаева Индира Аллаяровна | 732300907 | 106 |

**B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Бахыт Данияр Нұрланұлы | 732300417 | 114 |
| 2 | Уткелбай Дінислам Асылханұлы | 732300522 | 112 |
| 3 | Темірбай Ғабит Айдосұлы | 732300956 | 112 |
| 4 | Жаңабай Ерасыл Болатұлы | 732300957 | 112 |
| 5 | Кетебаев Мадияр Алмабайұлы | 779300091 | 112 |
| 6 | Бағдаулет Нұрбол Арыстанбекұлы | 733300445 | 111 |
| 7 | Әлдебай Әділет Кендебайұлы | 732300539 | 111 |
| 8 | Сагатова Әсел Канаткызы | 732300809 | 111 |
| 9 | Нұрғали Шапағат Абатұлы | 778300403 | 111 |
| 10 | Қыдырбай Нұрсұлтан Қуанбекұлы | 732300482 | 110 |
| 11 | Ангисинова Динора Галымбековна | 857300206 | 109 |
| 12 | Жүсіпбеков Айбек Жандосұлы | 817300443 | 109 |
| 13 | Мажитов Диас Кенжебаевич | 732300730 | 109 |
| 14 | Құдайберген Айберген Қалжанұлы | 817300541 | 108 |
| 15 | Мұратұлы Медет | 733300247 | 108 |
| 16 | Қожахмет Ақдәулет Хасенұлы | 777300080 | 107 |
| 17 | Ибрагим Мәди Тыныштықұлы | 732300889 | 107 |
| 18 | Бағдатұлы Жасұлан | 778300390 | 106 |
| 19 | Еген Бекарыс Нұрлайұлы | 778300285 | 106 |

**B006 Музыка мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Төлегенова Бибігүл Сахиқызы | 816300028 | 110 |
| 2 | Кенжебек Аяжан Кенжебекқызы | 777300002 | 110 |

**B007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Наби Эльназ Нұрбекқызы | 869300226 | 107 |
| 2 | Мырзагали Фариза Абдигаликызы | 732300388 | 106 |
| 3 | Айтбек Инабат Шайдарбекқызы | 817300021 | 102 |

**B009 Математика мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Данабек Сағындық Данабекұлы | 777300213 | 85 |
| 2 | Рысбекова Ақерке Әмірханқызы | 733300246 | 67 |

**B012 Химия мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Айтбай Аймереке Бақытбайқызы | 778300298 | 106 |
| 2 | Құттыбала Диляра Аянбекқызы | 732300676 | 103 |
| 3 | Нұрлан Үміт Нұрланқызы | 732300465 | 103 |
| 4 | Ғаниқызы Айша | 732300063 | 96 |
| 5 | Абылаева Айсулу Галымжановна | 857300024 | 93 |
| 6 | Асылбек Аягөз Ғалымбекқызы | 732300543 | 93 |
| 7 | Еркінова Әйгерім Еркінқызы | 857300095 | 90 |
| 8 | Қарасай Баян Серікқызы | 777300053 | 86 |
| 9 | Мирамхан Диана Ғалымжанқызы | 732300131 | 86 |
| 10 | Шахмардан Ақнұр Қосайқызы | 732300049 | 84 |
| 11 | Абдумажит Бақжан Нұрланқызы | 817300393 | 83 |
| 12 | Құдайберген Ақмарал Нұртайқызы | 732300050 | 83 |
| 13 | Бисен Алтынай Қанатқызы | 732300712 | 81 |
| 14 | Ұлықбек Жайна Ұлықбекқызы | 777300287 | 77 |
| 15 | Батырхан Зитта Сакенқызы | 817300523 | 71 |
| 16 | Азатқызы Назым | 732300208 | 65 |
| 17 | Аманбек Аймаржан Бауыржанқызы | 732300536 | 62 |

**B014 География мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Шыңғысханұлы Нұрсұлтан | 869300084 | 75 |

**B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Райбекова Сағыныш Алтынбекқызы | 732300651 | 109 |
| 2 | Сәндібек Қамажай Хамитқызы | 733300479 | 107 |
| 3 | Нурмахан Аружан Аблайқызы | 732300215 | 100 |
| 4 | Куттымурат Назерке Куттымуратқызы | 732300043 | 97 |
| 5 | Боранбай Аружан Тасболатқызы | 732300437 | 94 |
| 6 | Жәнібек Сымбат Абзалқызы | 733300481 | 87 |
| 7 | Іскендір Майра Оралқызы | 732300166 | 80 |
| 8 | Әубәкірқызы Рахат | 817300295 | 82 |
| 9 | Бауыржанқызы Айдана | 817300506 | 76 |
| 10 | Ибрагимова Фариза Ғалымжанқызы | 816300364 | 76 |

**B028 Хореография**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Сәндібек Нұрай Қанатқызы | 869300189 | 111 |
| 2 | Әбумүкәр Сағида Айдосқызы | 733300460 | 105 |
| 3 | Өміртай Аружан Маратқызы | 732300825 | 105 |

**B031 Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Темірхан Меруерт Талғатқызы | 817300455 | 109 |
| 2 | Садық Нұрсая Ершорақызы | 817300449 | 106 |
| 3 | Молдаш Дана Әділбекқызы | 732300017 | 104 |

**B042 Журналистика және репортер ісі**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Абимолдаев Азамат Саматович | 857300136 | 115 |
| 2 | Калилаева Жаннита Жұмабекқызы | 732300068 | 113 |
| 3 | Иса Шаһизада Абибуллақызы | 732300427 | 113 |
| 4 | Бейсенбаева Аружан Ерланқызы | 732300385 | 110 |
| 5 | Ерғали Маржан Нұрланқызы | 732300887 | 106 |
| 6 | Төребекова Жәния Ардаққызы | 779300093 | 106 |
| 7 | Ералы Қасиет Ерланқызы | 817300024 | 104 |

**B057 Ақпараттық технологиялар**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Сыдық Нұрай Кенжебайқызы | 777300052 | 79 |
| 2 | Жамаладин Айғаным Серікқызы | 869300200 | 72 |
| 3 | Сүйіндік Ақбота Қалмұратқызы | 732300893 | 65 |
| 4 | Жунусов Әбдікәрім Канатұлы | 732300185 | 64 |
| 5 | Арыстан Гүлшат Кайратқызы | 732300606 | 57 |
| 6 | Оралбаев Нұржан Бауыржанұлы | 816300314 | 54 |
| 7 | Алмас Малика Бақытжанқызы | 732300954 | 53 |

**B068 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Рахымтай Марта Шаймағанбетқызы | 732300204 | 119 |
| 2 | Абдигаппарова Гулжазира Азаматовна | 857300122 | 84 |
| 3 | Шалабаева Гаухар Маратқызы | 733300701 | 74 |
| 4 | Амантайқызы Фариза | 732300202 | 71 |
| 5 | Серік Жанира Мирамбекқызы | 869300051 | 70 |
| 6 | Бакберген Мөлдір Асылбекқызы | 732300064 | 69 |
| 7 | Мұсабай Камила Дастанқызы | 779300033 | 58 |
| 8 | Шөменова Ботакөз Базаралықызы | 816300200 | 57 |

**B075 Кадастр және жерге орналастыру**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Сарсенбай Жаңыл Сарсенбайқызы | 732300265 | 112 |
| 2 | Бисенбаев Жәнібек Советбекұлы | 732300128 | 94 |
| 3 | Уйсинбаева Алуа Талғатқызы | 732300184 | 92 |
| 4 | Абзалиев Ержан Абуғаниұлы о/б | 732300190 | 88 |
| 5 | Ажарова Жансая | 733300386 | 84 |

### Қызылорда «Болашақ» университеті

**B001 Педагогика және психология**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Омарова Аружан Қайратқызы | 732300925 | 82 |
| 2 | Дауленова Гүлдана Жаркынқызы | 732300030 | 80 |
| 3 | Сатаева Дамира Пулатбекқызы | 732300308 | 77 |
| 4 | Сейтжан Гүлзия Амангелдіқызы | 034300247 | 75 |
| 5 | Манасова Тоғжан Алмасқызы | 732300037 | 71 |
| 6 | Куандыкова Айнұр Алмасқызы | 732300348 | 67 |
| 7 | Кемадулла Аружан Бекнұрқызы | 007300436 | 66 |
| 8 | Тұрашов Батырхан Асқарұлы | 779300113 | 66 |
| 9 | Өтегенов Балғынбек Нуридинұлы | 045300395 | 66 |
| 10 | Тулеубай Аяжан Алтынбекқызы | 732300113 | 64 |

**B003 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Аманхосова Гүлсезім Сәрсенғалиқызы | 779300136 | 79 |
| 2 | Тұрар Зарина Еркінқызы | 732300529 | 67 |
| 3 | Темірбай Әсем Шынтасқызы | 034300510 | 64 |

**B013 Биология мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Телеу Ғазиза Қанатқызы | 732300967 | 78 |
| 2 | Ғаниқызы Азиза Ғаниқызы | 869300138 | 72 |
| 3 | Жарикова Жұлдызай Әділбекқызы | 816300415 | 67 |
| 4 | Әмит Аружан Қамардинқызы | 817300537 | 67 |
| 5 | Аманова Арайлым Ерболқызы | 869300135 | 67 |
| 6 | Ертілеу Меруерт Романқызы | 777300381 | 66 |

**B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Амангелді Ақбота Нұрғазықызы | 732300835 | 109 |
| 2 | Арықбай Жансая Ақынбайқызы | 857300035 | 107 |
| 3 | Налибаева Зарина Ерлановна | 857300031 | 106 |
| 4 | Абдулла Назым Бауыржанқызы | 732300441 | 104 |
| 5 | Файзуллаева Шапағат Бауыржанқызы | 732300080 | 93 |
| 6 | Бақыт Анар Бақытқызы | 732300111 | 93 |
| 7 | Нұрбаева Алия Ерлановна | 857300040 | 92 |
| 8 | Таңатар Айниза Нүркенқызы | 733300541 | 90 |
| 9 | Қалгөз Аружан Бахытбекқызы | 817300059 | 84 |
| 10 | Зарер Балгерім Сембайқызы | 817300110 | 83 |
| 11 | Қожан Гүлназ Жұматайқызы | 817300391 | 82 |
| 12 | Ораз Бейбізиба Қожасқызы | 816300178 | 80 |
| 13 | Әбдібек Айдана Сражадинқызы | 869300031 | 79 |
| 14 | Қажденбекова Гүлнұр Жеңісбекқызы | 733300668 | 78 |
| 15 | Сейдахмет Шұғыла Сералханқызы | 778300089 | 77 |
| 16 | Қәдірова Жанерке | 779300167 | 76 |
| 17 | Жұмаханқызы Гүлжайна | 778300071 | 75 |
| 18 | Жайлаубаева Бибіфатима Мәжитқызы | 816300174 | 70 |
| 19 | Айтбаева Қарлығаш Бақытжанқызы | 778300126 | 69 |
| 20 | Әбиева Гүлсезім Мұратқызы | 778300026 | 68 |

**B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Серікбаева Аружан Ибрагимқызы | 045300397 | 106 |
| 2 | Жұмашбек Ұлжан Мұхамеджанқызы | 817300228 | 97 |
| 3 | Сәбит Арайлым Нұрылдақызы | 733300485 | 89 |
| 4 | Бердібай Аяжан Мирамбекқызы | 777300265 | 83 |
| 5 | Әмірхан Айжан Жұмаханқызы | 778300349 | 77 |
| 6 | Нұрлыбек Аружан Әлсейітқызы | 778300179 | 65 |
| 7 | Каримова Мадина Есенбекқызы | 778300208 | 74 |
| 8 | Нұрғалиева Жаннұр Қонысбекқызы | 816300075 | 73 |
| 9 | Маликова Айдана Абумуталипқызы | 778300051 | 60 |

**B057 Ақпараттық технологиялар**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Ахбай Ислам Серікбайұлы | 817300197 | 79 |
| 2 | Жақсылықов Алмас Мұхтарұлы | 816300207 | 54 |

### Астана халықаралық университеті

**B057 Ақпараттық технологиялар**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Омар Төрегелді Әмірұлы | 733300010 | 101 |

### Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

**B078 Мал шаруашылығы**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Ғаниева Мөлдір Жандосқызы | 034300891 | 81 |

**B082 Су ресурстары және суды пайдалану**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Барлыбай Ұлданай Зәңгірбекқызы | 869300053 | 71 |

### С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

**B078 Мал шаруашылығы**

| р/с | Талапкердің аты-жөні | ТЖК | Балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Аяған Сабыржан Нариманұлы | 869300120 | 63 |

# «Аймақтың киелі жерлері» фотоконкурсының ЕРЕЖЕСІ

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) ұсынған «Аймақтың киелі жерлері» фотоконкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізу тәртібін белгілейді.

2. Конкурстың мақсаты – тарихи және мәдени ескерткіштерді, киелі жерлерді насихаттау, облысымыздың киелі жерлерінің көркем бейнелерін қалыптастыруға ықпал ету.

1. Конкурстың міндеттері:

1) азаматтық және патриотизм мәселелеріне қоғамның назарын аудару;

2) біздің өңіріміздің мәдени мұрасын насихаттау;

3) фотоөнер, фотоөнердің дамуы саласында жаңа есімдер мен таланттарды ашу болып табылады;

3. Сыйлық құрылтайшысы және ұйымдастырушысы облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы (бұдан әрі – Орталық) болып табылады.

**2. Өткізу тәртібі**

4. Конкурстың басталуы туралы хабарландыру орталықтың www.fasebook.kz әлеуметтік парақшасында және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Конкурстық жұмыстар – 2019 жылғы 14 тамызынан бастап 22 тамыз аралығында тапсырылады.

7. Конкурс қорытындысы – 2019 жылғы тамыздың 23-де шығарылады.

8. Жеңімпаздарды марапаттау арқылы қорытынды көрме 2019 жылғы 23-тамызда Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі филиалы Көркемсурет галереясында өтеді.

**3.Қатысу шарттары**

9. Конкурсқа қатысуға әр ауданнан және қаладан кәсіпқой және кәсіпқой емес фотографтар шақырылады.

10. Фотожұмыс конкурстың мәлімделген тақырыбына сәйкес келуі тиіс.

11. Бір қатысушының фотолар саны – жетіден артық емес.

12. Конкурсқа жіберілген барлық жұмыстар қайтарылмайды. Қатысушылардың жұмыстары ұйымдастырушылар тарапынан конкурсты танымал ету мақсатында шығарма авторлығын міндетті түрде көрсете отырып, конкурс тақырыптарын жариялау үшін пайдаланылуы мүмкін.

13. Жіберілген фотожұмыстардың авторлығының сақталмауына жауапкершілік аталған жұмысты ұсынып отырған конкурсқа қатысушыларға жүктеледі.

14. Конкурс ұйымдастырушылары үшінші жақтың қатысушыларының авторлық құқығын бұзғаны үшін жауапкершілікте болмайды.

**4. Өтінімдерді қабылдау**

15. Фотолар ruh.ortaliqkz@mail.ru электрондық мекенжайына қабылданады:

16. Фотолар JPG форматында ұсынылады, А4 (297 x 210) көлемде, 5 Mb кем болмауы тиіс.

17. Барлық жүктелген фотолар міндетті талқылаудан өтеді.

18. Жоғарыда сипатталған қағидаларды бұза отырып жүктелген фотолар фотоконкурс қазылар алқасының қарауына ұсынылмайды.

19. Әр фотожұмысқа міндетті түрде мынадай деректер қоса берілуі тиіс:

1. - жұмыстың атауы,

2. - ФАӘ, пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы, байланыс телефоны;

3. - оқу орны (жұмыс).

20. Қатысушы:

Конкурс ұйымдастырушыларына ұйымдастырушының қалауы бойынша фотоальбом құрамында, бұқаралық ақпарат құралдарына және Интернет желісінде шығармаларын жариялауға келісімін және құқығын береді;

- конкурсқа қатысу үшін материалдар мен құралдарды өздері алып келеді.

**5. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі**

21. Конкурстың фотожұмыстарын бағалау және оның жеңімпаздарын анықтау сыйлық құрылтайшысы құратын құрамында саны кемінде 4 мүше болатын, белгілі және беделді фотосуретшілерден, сондай-ақ конкурс құрылтайшысының өкілдерінен және қылқалам шеберлерінен (суретші) тұратын конкурстық қазылар алқасы жүзеге асырады.

22. Қазылар алқасының құрамы мен төрағасын конкурс құрылтайшысы бекітеді.

23. Конкурс талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстарды қазылар алқасы қарамауға құқылы.

24. Конкурс іріктеуінен өткен жұмыстар жасырындылық қағидатын сақтай отырып (авторы көрсетілмей), барлық қазылар мүшелеріне жіберіледі.

25. Қорытынды шешімді қазылар алқасы мүшелері байқау өлшемшарттарына сәйкес 5 балдық жүйе бойынша бағалайды.

26. Қазылар алқасы функциясына мынадай өлшемшарттар бойынша конкурс жұмыстарының бағалары кіреді: конкурстың мәлімделген тақырыбына фотожұмыстың сәйкестігі; авторлық ойдың бірегейлігі; фотожұмыстың көрнектілігі; фотографияның көркемдік сапасы.

27. Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы мүшелерінің шешімі бойынша конкурсты жүргізудің барлық кезеңінде қосымша номинациялар жариялануы, сонымен қатар серіктестер мен демеушілердің арнайы сыйлықтары бекітілуі мүмкін, ол туралы конкурсқа қатысушыларға қосымша хабарланады.

28. Шешім қабылданғанға дейін жасырындылық қағидаты сақталады.

29. Қазылар алқасының шешімі нақты болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

**5. Жеңімпаздарды марапаттау**

Жеңімпаздар облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының I,II,III дәрежелі дипломдарымен, бағалы сыйлықтар және алғыс хаттармен марапатталады.

Қорытынды ақпарат және қатысушылардың ой-пікірлері БАҚ-та кеңінен насихатталып, ұйымдастырушылар тарапынан әлеуметтік желілерде жарияланатын болады.

# Елмен бірге, еңбекпен егіз еді

Сыр еліне аты мәлім, ел-жұртына жаны жақын азамат, Аралдың біртуар перзенті Ахмедулла Сматұлы туған елі үшін Толағайдай терін төгіп, бойына біткен тектілік қасиетімен қадірін арттырған азамат еді. Сондықтан оның ел жүрегіндегі екінші өмірі басталып, ұрпақ жадына жол тартты. Себебі диірмен тасындай дөңгеленген уақыт дарабоздарды іріктеп, тарих парақтарына жазып қалдырады.

Тек енді біздің атпал азамат, кеңпейіл, жайсаң жан, Ахмедулладай аяулы дос туралы өткен шақта ғана сөйлейтініміз өкінішті.

Ақаң өзі қызмет атқарған білім жүйесінде, партия, әкімшілік органдары мен шаруашылық саласында біліктілігімен, алғырлығымен, албырт мінезімен, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекше көзге түсті. Ол өзінің қызметтік міндетін уақытымен тынығу, демалу дегенді ұмытып, ақ тер көк тер болып, бар ынты-шынтымен беріле орындайтын.

А.Үмбетовтің аудан әкімінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарған жылдары ел өмірінде нарықтың қыр-сыры әлі толық меңгеріле қоймаған, таршылығы мен тапшылығы иықтан басып, етектен тартқан ел экономикасының қиын да күрделі кезеңімен тұспа-тұс келді. Сол жылдары оны жұмыс кабинетінен табу қиынның қиыны еді. Бұрын кеңшар басқарып, еңбек көрігінде әбден ысылған ол жайлы кабинетте ұзақ отыруды қаламайтын. Шешілмеген түйінді мәселелері көп шалғайдағы елді мекендерге сапарлап, аудан әкіміне нақты ұсыныстармен келетін. Жүрегіне ота жасатып, сырқаты жанына батқан Ақаңа сан салалы тірлігі, инфрақұрылымдары бар қаланы басқару да оңайға соққан жоқ. Ебіл-себіл, ертелі-кеш қаланы аралап жүруші еді.



Ол қала басшысы болып қызмет атқарған 2004-2012 жылдары Аралдың ажары айшықталып, көркейіп-көгеріп, абаттанып, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы біршама жақсара түсті. Осы кезге дейін жері құнарсыз, сортаң, су тапшы деген желеумен бау-бақша, тал-терек, гүл егуге енжар қала тұрғындарына қозғау салып, өнегелі істің бастамашысы бола білді. Сол кездері аудан әкімі болып қызмет атқарған Нәжмадин Мұсабаевтың басшылығымен шөлге шыдамды сексеуіл көшеттерін қала, аула, қорым айналасына көптеп егуге басшылық жасады. Мекеме, кәсіпорын басшыларына әртүрлі гүлдер егу мәселесін міндет етіп қойды. Қала орталығында ондаған ескерткіш, барельеф, стелла бой көтерді. Балаларға арналған спорт алаңдары мен шағын гүлзарлар пайдалануға берілді.

Білім, медицина, мәдени-ағарту, ауыл шаруашылығы, құрылыс, шағын және орта бизнесті дамыту салалары бойынша экономикалық тұрақты өсу динамикасы байқалды. Жұмыссыздық едәуір төмендеді.

А.Үмбетов сондай-ақ, аймақ пен өңірдің экономикалық, әлеуметтік рухани өміріне белсене араласып, халық қазынасының мақсатты әрі әділ жұмсалуына бір адамдай үлес қосты, ел аманатының биігінен көріне білген халық қалаулысы атанды. Оның бойында қайрат-жігер мен бұла күш те бар болатын.

Бірде облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында облыс бюджетіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қаралды. Сол кездегі аймақ басшысы бюджет жобасында көрсетілген Арал ауданына бөлінген қомақты қаржыны Қызылордада салынып жатқан үлкен бір құрылыс объектісіне аудару туралы ұсыныс жасады. Ақаң бұл ұсыныспен келіспейтінін білдірді. Нәтижесінде бөлінгелі тұрған қаражаттың экологияның нақ кіндігінде орналасқан Арал ауданына өте-мөте қажет екеніне жиналғандардың көзін жеткізді. Облыстық мәслихат сессияларына тұрақты түрде қатысып жүрген депутат А.Үмбетовтің осылайша бірнеше рет батыл сөйлеп, өз ұсыныстарының сессияда қабылдануына қол жеткізгенінің куәсі болғанмын.

Үлкенге ізетінен жаңылмаған, кішіге абзал аға атана білген, пейілі кең, жолдастары мен достарына сыйлы болған аяулы жанды біз ендігі жерде сағынышпен еске алатын боламыз.

Өзімнің пайымдауымша, Ахмедулла Сматұлы туған жерінде қызмет еткен 27 жылда аз шаруа тындырған жоқ. Ауданның өсіп-өркендеуіне тынымсыз қалпымен аянбай атсалысты.

Бүгінгі күні Ахаңның перзенттері өмірден өз орындарын тауып, сан салада қызмет атқарып жүр.

Бақұл бол, аяулы дос Ахмедулла. Мәңгі тыныстаған мекенің жұмақтың төрінде болсын.

**Әнес ӘУЕЗОВ,**
**Арал ауданының Құрметті азаматы.**

---

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ СӨЗ

**Қазақстан Журналистер Одағы қызылордалық қаламгер Қасым Иманбердиевті «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағымен марапаттады.**

# Өмір өрісі – мәңгілік тақырып

Қ.Иманбердиев Шиеліде орта мектепті және Алматыдағы қазақтың маңдайалды жоғары оқу ордасы – ҚазМУ-дің журналистика факультетін орысша оқып тәмамдады. Бойына біткен дара талантымен қалың оқырман аудиториясын жаулап, орыс тілді журналистиканың шыңына шықты. Қазіргі «Кызылординские вести» газетінде еңбек жолын бастап, әдеттегі әдеби қызметкерден бас редакторлық лауазымға дейін көтерілді. ҚазТАГ-тан бастап белді республикалық және одақтық «Сельская жизнь» мерзімдік басылымдарының меншікті, штаттан тыс тілшісі, белсенді авторы болып ұзақ жылдар бойы қызмет атқарды. Бірнеше кітап жазып, баспадан шығарды. Ел мен халықтың тағдырына, тарихына қатысты оқиғалар, тақырыптар оның қырағы назарынан қағыс қалған емес.

Журналист өзінің 70 жасқа толған мерейтойы қарсаңында «Пульс фамильного рода» («Текті әулеттің тынысы») атты жаңа кітабын жергілікті «Полиграфия» баспа үйінен басып шығарып, оқырманына ақ пейілден тарту етіп отыр. Елеулі еңбекте түп-тұқиянынан тамыр тартқан Иманбердиевтер әулетінің шежірелі тарихнамасы, ғазиз ата-ананың ғұмырлық ғибраты һәм тағылымды тәрбиесі, өзінің өсіп-өнген ортасы, «махаббат, қызық мол жылдары», төл кәсіби қызметінің қырлары мен сырлары, қиындықтары, қоғамның дамуына деген жеке көзқарасы, азаматтық ұстанымы кең көлемде көрініс тапқан. Ол қай тақырыпты қаузаса да қызуқандылықпен, нақты дерек, цифр, мезгіл мөлшерімен дәйектеп жазады. Әсіресе, оның оң жамбасына келетін ауыл шаруашылығы, мұнай өндірісінің жағдайы және өзі федерацияның пре-




зиденті ретінде көп күш-жігер жұмсаған, тұсауын кескен «Қайсар» футбол клубы жайлы қызғылықты жазбаларына еріксіз ден қоясыз.

**Қуаныш МАХАНБЕТ,**
**Қазақстан Журналистер одағының лауреаты.**

---

## ЖАРБОЛСЫН ҚҰНДАҚБАЕВ



Үстіміздегі жылдың 14 шілдесінде «Қармақшы спортының қара нары» атанған, гір тасын көтеруден Гиннестің рекордтар кітабына енген жалғыз қызылордалық Құндақбаев Жарболсын Әбсатұлы 80 жасында өмірден озды.

Жарболсын Құндақбаев 1939 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Жосалы механикалық зауытында еңбек жолын бастаған. Кейін өзінің спортқа бейімділігіне сай Ашхабад қаласындағы дене тәрбиесі техникумына оқуға түсіп, сонда жүріп классикалық күрестен спорт шебері дәрежесін алды. Елге оралғасын бүкіл ғұмырын спортқа, бапкерлікке арнады. Қазақстанға танымал ондаған шеберді шығарды. Жасы 70-тен асса да гір көтеруден халықаралық турнирлерге қатысып, жеңіске жетіп, Гиннестің рекордтар кітабына енді. Белоруссияның Витебск қаласында өткен II бүкіләлемдік олимпиадада 7 медаль, оның ішінде 5 алтын алады.

Бір шәкірті:

Тағдырыңды байладың боз кілемге,

Ырза шығар елің де еңбегіңе! – дегендей, Жәкеңнің еңбегі еленіп, «Құрмет белгісі» орденімен, «Білім саласына еңбегі сіңген қайраткер» атағымен марапатталған, КСРО спорт шебері, «Ғасырдың үздік спортшысы» атанған.

Топырағыңыз торқа болсын, қадірлі аға!

**Сәпен, Сәдуақас Аңсатовтар, Ж.Егізбаев, Р.Нұртаев, Б.Елеусінов, С.Нәметша, М.Исаев, М.Айсауытов және басқалар.**

---

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

---

## КОНКУРСҚА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Қызылорда облысы, Жалағаш кентінде орнатылатын Социалистік Еңбек Ерлері Ы.Жолмырзаев, И.Әбдікәрімов пен А.Бисеновтердің кеуде мүсіндерінің эскиздік жобасына ашық конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – мүсіннің бейнесін ашатын, аса мәнерлі мүсіндік көркемдік шешімді анықтау. Ұсынылған жобалар жоғары идеялық және сәулеттік-көркемдік деңгейде орындалуы тиіс.

**1. Конкурстың бағдарламасы**
**Конкурстық құжаттардың құрамы және оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар**

1. Конкурстық материалдар құрамында ұсынылатын құжаттар:

- мүсіннің қасбеттері және оның орналасу сызбасы, бас жоспары қамтылған альбом немесе планшет.

- мүсіннің жұмсақ материалдан әзірленген эскиздері – Н-0,50-0,60 см.

- мүсіннің көркемдік шешімі мен кеңістікті ұйымдастыру қағидалары және негізгі идеясы мазмұндалған 2 дана қысқаша түсініктеме жазба.

2. Мүсіннің орналасу сызбасы қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімімен келісілуі тиіс.

3. Көрнекті түрде назарға ұсыну үшін барлық материалдар электрондық нұсқада қосымша ұсынылады.

**2. Конкурстың шарттары**

4. Конкурсқа қатысуға мүсіншілер және авторлық ұжымдар шақырылады.

5. Мүсіннің материалы – қола. Натуралдық мөлшері – 2,0.

Мүсін орнатылатын жері: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті.

6. Конкурсқа ұсынылатын материалдар ескерткіштерді орнатуды реттеу жөніндегі облыстық комиссияда қаралып, аталған комиссияның ұсынысымен Қазақстанда орнатылатын монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияның қарауына ұсынылатын болады.

7. Авторлар конкурс материалдарын Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ-не баспасөз бетіне жарияланған күннен 15 күнтізбелік күн ішінде ұсынулары қажет.

8. Жобаға қосымша желімделген конвертте авторлардың аты-жөні, тегі көрсетілген ақпараттық парақ тіркеледі.

9. Конкурс шарттары сақталмаған жобалар байқауға жіберілмейді және комиссияда қаралмайды.

10. Бағдарлама және конкурс шарттары бойынша ақпарат алу үшін төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады.

**120001; Қызылорда қаласы, И.Тоқтыбаев тұйығы, 2, құрылым №1 (бұрынғы әскери комиссариаттың шақыру пункті ғимараты) Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ. Тел.: 8 (7242) 27-86-84; 26-41-93; e-mail:ohranakzl@mail.ru**

---

ЖОБА

## Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 17-10) тармақшасына және «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 19123 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидасы бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б. Намаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. Ысқақов**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2019 жылғы «__» ________
№ ________қаулысымен
бекітілген

**Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидалары (бұдан әрі –Қағида) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 2-тармағы 17-10) тармақшасына және «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №280 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 19123 нөмірімен тіркелген) сәйкес әзірленген және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қоры – облыстың аумағында аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған азық-түлік тауарларының жедел қоры;

2) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту – азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды өткізу немесе жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылдың жаңа егінінен дәл сондай көлемдегі азық-түлік тауарларын кейін жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды қайтару;

3) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын пайдалану – тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту мақсатында азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу;

4) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру – сатып алу интервенциялары, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларын орналастыру және сақтау;

5) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары – тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін, олардың есебінен адамның физиологиялық қажеттіліктері қанағаттандырылатын азық-түлік тауарлары;

6) мамандандырылған ұйымдар - тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын ұйымдар;

7) сатып алу интервенциялары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында бағалар төмендеген кезде мамандырылған ұйымдардың азық-түлік тауарларын сатып алуы жөніндегі іс-шаралар;

8) тауар интервенциялары – бағалар өскен кезде ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылатын, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларынан ішкі нарықта азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар.

3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес іске асырылады.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақтылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында облыстың әкімі Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.

5. Облыс әкімінің орынбасары Комиссияның төрағасы болып табылады, кәсіпкерлік және туризм, ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Комиссия мүшелері болып табылады. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

6. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Бұл ретте комиссия мүшелерінің үштен екісі жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Комиссия хатшысы оған мүше болып табылмайды.

7. Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

2) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын құру және пайдалану тетігін іске асыру мақсатында азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін анықтау;

3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес қарыз беруге кәсіпкерлік субъектісін анықтау;

4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін анықтау бойынша мамандандырылған ұйымдардың ұсыныстарын қарау.

8. Комиссияның жұмысын құруды және ұйымдастыруды «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етеді.

9. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін облыстың жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың (бұдан әрі – мамандандырылған ұйым) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

11. Облыстың жергілікті атқарушы органы ай сайын айдың 20-на дейін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы және Ұлттық экономика министрлігіне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынады.

**2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бойынша тетіктерді іске асыру тәртібі**

12. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында облыстың жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың:

1) тұрақтандыру қорларының қызметі;

2) кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асырады.

**1-параграф. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорлары қызметінің тәртібі**

13. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметі өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

14. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өңірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс алаңдары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін, сондай-ақ шекті сауда үстемесін айқындайды.

15. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысымен бекітілген тізімнен қалыптастырылады.

16. Мамандандырылған ұйым жүзеге асыратын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы №282 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 11245 болып тіркелген) сәйкес жергілікті атқарушы органдар бекіткен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерінен 10% немесе одан төмен бағаларды ұстауды есепке ала отырып қалыптастырылады.

17. Комиссия облыстың әкімдігіне азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін бекіту туралы ұсынымдар енгізеді.

18. Облыстың жергілікті атқарушы органдары Комиссияның ұсынымдары негізінде сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және шекті сауда үстемесін бекітеді.

19. Өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру кезінде азық-түлік тауарларын тікелей тауар өндірушілерден және (немесе) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылады.

20. Өңірлік тұрақтандыру қорларына сатып алынатын азық-түлік тауарлары «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

21. Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер және басқа да көздер негізінде өңірдің азық-түлік тауарларының ішкі нарығына және агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің нарықтарына тұрақты негізде талдау (өндіріс көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың, бағалардың болуы) жүргізеді, өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының көлемін айқындайды және сатып алу интервенциялары туралы шешімді қабылдайды.

22. Өңірлік тұрақтандару қорын пайдалануды тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларын жаңарту жолымен мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

23. Мамандандырылған ұйым әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері ұлғайған жағдайда 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тауар интервенцияларын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

24. Мамандандырылған ұйым өңірлік тұрақтандыру қорын уақытылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде өңірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етеді.

25. Өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өңірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылғы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырылады.

26. Өңірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын тауар интервенциялары, азық-түлік тауарларын жаңарту үшін мамандандырылған ұйымдар өздерінің өткізу нүктелері және (немесе) азық-түлік тауарларын өткізетін сауда объектілері арқылы, сондай-ақ өңдеу кәсіпорындары шекті сауда үстемесі шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін өткізуді жүзеге асырады.

27. Бұл ретте өңдеу кәсіпорны өндірген дайын азық-түлік тауарының бағасы облыстың әкімдігімен бекітілген шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағасынан аспайды және мамандандырылған ұйымның өңдеу кәсіпорнымен жасасқан өткізу туралы шартында айтылады.

28. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі мамандандырылған ұйыммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халыққа жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

**2-параграф. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі**

29. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мақсатында Облыстың жергілікті атқарушы органы мамандандырылған ұйымға кейін кәсіпкерлік субъектілеріне беруі үшін қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасау жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және ақылылық шарттарымен жүзеге асырылады.

30. Бағаларды тұрақтандыру мамандандырылған ұйыммен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бекітілген төмендетілген бөлшек сауда бағаларын белгілеу жолымен қамтамасыз етіледі.

31. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектілерін Комиссия әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларында белгіленген кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) сәйкес айқындайды.

32. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар беру үшін негізгі өлшемдер:

1. Нарықта қызметтерді сатып алу жұмыс тәжірибесі кем дегенде екі жыл болатын, сауда-логистикалық инфрақұрылымы бар және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте азық-түлік тауарларын тиісінше сақтауға және азық-түлік тауарларымен сатып алу және өзге де операцияларды орындауға арналған қойма құрылыстары немесе арнайы жабдығы, материалдық-техникалық базасы бар субъектілері болып табылады;

2. Кәсіпкерлік субъектілері міндетті түрде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын қайта өңдеу және (немесе) сақтау және (немесе) сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі келісім шарттары болуы қажет;

3. Салық берешегінің болмауы;

4. Қарыз алушының кредит бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ететін жағдайының болуы;

5. Қарыз алушының бұрын берілген кредиттер бойынша мерзімі өтіп кеткен берешегінің болмауы.

33. Комиссия кәсіпкерлік субъектілерін айқындағаннан кейін мамандандырылған ұйым кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз береді.

34. Кәсіпкерлік субъектісі міндетті түрде мамандандырылған ұйымның қарызды қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мынадай түрде беріледі: кепіл, және/немесе банктік кепілендіру, және/немесе сақтандыру шарты, және/немесе үшінші тұлғалардың кепілдік/кепілгерлігі. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жазбаша нысанда рәсімделеді.

35. Қарыз беру шарттары мамандандырылған ұйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалған қарыз шартында белгіленеді.

36. Қаржыландыру көзі жергілікті атқарушы органдар бөлетін ақшалай қаражат болып табылады.

37. Қарыз мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыруға берілмейді.

38. Қарыз тек ұлттық валютада беріледі.

---

KazTransOil

## ЕСКЕРТУ

**ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Қызылорда** облысының аумағында «Құмкөл-Қарақойын» магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

**ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне** сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

1) Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр осінің әрбір жағынан **50 метр** жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан **25 метр** жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2) бір техникалық дәлізде төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3) суасты өткелдері бойында - өткелдердің шеткі желілері осьтерінің әрбір жағынан **100 метрге** кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4) өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде - аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа **50 метрге** кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде - аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа **100 метрге** кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады

6) орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты кәбілдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде **2 метр** қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

**ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

**ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

• тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;

• кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;

• түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге;

• жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға;

• зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;

• от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында **«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:**

• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

• бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;

• магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;

• кез келген құрылыстар мен имараттарды салуға;

• автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

• мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;

• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;

• ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез-келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:

• «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

• кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;

• құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

**Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР КЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.**

**Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы**
**100600, Жезқазған қ., Ескі әуежай ауд.,**
**Тел: 8 (7172) 55-52-55 – Нұр-Сұлтан қ., №5 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8(7102) 925-255 – «Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 925-241, Факс: 8 (7102) 925-242 – Жезқазған МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.**

---

### Қармақшы ауданы тұрғындарының назарына!

16.08.2019 жылы Қармақшы ауданының Жаңажол және Иіркөл елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоспардан тыс жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(72437) 3-19-51, 3-18-15

**«Арал» СЖКБД филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі.**

*(БСН 110841003190 Қызылорда облысының әділет департаментінде 2016 жылдың 1 сәуірінде тіркелген)*

### Жеке қабылдау

2019 жылғы 16 тамыз күні сағат 09.30-да «Нұр Отан» партиясының Қармақшы аудандық филиалы ғимаратында Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Акимов Олжас Азатұлы аудан азаматтары мен заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке қабылдау өткізеді.

### Кірпіш сатылады

Керамикалық кірпіш сатылады (250х120х88мм).

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбітшілік,78Б. Байланыс телефондары: 87013359650, 87770582469, 87772350747.



(6-4)

---

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы және облыстық қоғамдық кеңес облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ерсұлтан Әпетовке анасы

**Ұлдаш Әбдікерімқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы, облыстық қоғамдық кеңес және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері Қайырбай Зәкіровке апасы

**Шынар Қонысбайқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

№121 (19799) 15 тамыз, бейсенбі 2019 жыл

Sb

# Күн сайын адам болып өмір сүрген

## (портрет-профиль)

Қырғызстанға барған сапарымда Бішкек қаласының іргесіндегі «Ата-Бейіт» пантеон-кешенінде әкесі Төреқұл бастаған алаш арыстарының қасында жатқан Шыңғыс Айтматовтың қабіріне тағзым етіп, құран бағыштадық. Символдық мазмұны зор зілтастың қабырғасына «Адамға ең қиыны – күн сайын адам болып өмір сүру. Шыңғыс Айтматов» деп жазылыпты. Жасампаз жазушының барлық кітаптарын оқып шыққам, бірақ санаңды селт еткізіп, сілкіндіріп жіберетін, заматында ойға батырып, оңашада өз жүрегіңе үңілдіретін мына сөйлемді кездестірмеппін. Ұлының қай сөзін теріп үлгересің, мүмкін, әлде бір кездесуде айтып, қалың оқырманын айран-асыр етті ме екен? Қалай десек те, қанатты тіркестің қат-қабат астарында адамның шынайы өмір сүру пәлсапасы жатыр. Шынында да, күн сайын бесіктен дарыған ана сүтінің, ата күшінің қасиетін сақтап, пендәуи пиғылға арандамай, адами болмысыңа кіршік түсірмей өмір сүру мүмкін бе екен? Әй, қайдам... Қалай ақталсақ та, әйтеуір бір кем дүниеңнің шеті көрініп тұрады. Акиретте сұралатын «біліп істеген, білмей істеген қателіктерің» сол ма екен?

Адамзат Айтматовының ханды да, қараны да тәубеге келтіретін ғажайып сөзін түйсігіме түйіп алып, еріксіз, «күн сайын адам болып өмір сүрген» жандардың бейнелерін көз алдыма елестеткім келгенде, неге екенін білмеймін, қазіргі замандастарыммен қатар, сонау елуінші, алпысыншы, жетпісінші жылдарда қазақтың қамын жеп, қиын кезеңдердің күрмеуін қиып, еліміздің толысып-толықсып өркендеуіне білім-білігін, күш-қайратын қосқан әкелеріміз бен ағаларымыздың тұтас тұлғалары тұра қалғаны. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «ағы не, қызылы не, жігіттер, ебін тауып елге қызмет етейік» ұстанымы санасын сәулелендірген олар коммунист болып та, болмай да, партияның талаптарын талқысыз орындай жүріп те, шын мәнінде ұлттың ұядай ұйысып, ұшпаққа шығуына барынша мүдделі болды және сол жолда жанқиярлықпен еңбек етті. Олар жайлы естеліктер мен көзкөргендер солай дейді...

Сыр бойының тарихында есімдері ойып жазылған Исатай Әбдікәрімов, Қонысбек Қазантаев, Елеу Көшербаев, Ахметжан Жанпейісов, Нәлқожа Ергешбаев, Ерназар Сексенбаев, Ұзақ Еспанов, Алдаберген Бисенов, Сейілбек Шаухаманов... қайсыбірін айтып тауысайын сияқты қайраткерлердің қатарында майдангер, қаржы саласының санаткері Қажыман Асанұлының жұлдызы жарқырап тұрғанын екінің бірі білер ме екен? Он бес жылдан бері осы кісінің өмір жолы мен қызметін, қала берді адами бітімін зерттеп, зерделеп жүрген біз кейіпкердің өз дәуірінде, қысқа ғұмырында туған жерінің жарқын болашағы үшін жанкешті еңбек еткенімен қатар, бүгінгі ұрпаққа үлгі, үрдіс болар азаматтық келбетін танып-білдік.

Қажыман Асанұлы 1924 жылы Қызылорда облысының Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауданындағы «Қоғалыкөл» ауылында дүниеге келген. Әкесі Асан Бесарық бойындағы елдің тұтқасын ұстаған, айналасына қайырымды, қарапайым тірлігін қанағат еткен көзі ашық жан екен. Тілегіне берген шығар, тоқсан үш жасында қайтыс болған. Бірақ ауылдастары әлі күнге дейін «жүз жасаған» деп айтып жүреді.

Балалық шағы аштық жылдарының нәубетіне шарпылған Қажыман қылтасы қылтылдап, бұғанасы былқылдап, үлкендермен бірге колхоздың шаруасына жегіліп, көктемде соқаның солқылдақ тертесіне торғайдай қонып алып, жер жыртады, күзде қанар қапты арқасына асып, сары аңыздан масақ тереді. Тумысынан «төбесі тесік», ілім-білімге ынтызар ол сөйтіп жүріп бастауыш сыныпты, одан кейін орта мектепті үздік бітіреді. Қаршадайынан оң-солын танып, тірліктің тауқыметін тар қолтықтан кешкесін бе, ерте есейіп, еңсесін биік ұстайды.

1942 жылы жауынгердің жаукиімін жамылып, майданға аттанады. Атқыштар полкінде қызмет етіп, Еуропаны керзі етікпен кешіп өтіп, Берлинге дейін барады. Орыс тіліне жетік, жазу-сызуға ұқыпты, тапсырманы тиянақты орындайтын жауынгерге көзі түскен әскери басшылық оны соғыс аяқталғаннан кейін де штабта қалдырды. 1950 жылы елге оралған Қажыман аға құдай қосқан қосағы Зағипа Әбдірахманқызымен табысып, шаңырақ көтеріп, ауданның түбіне жетпейтін тіршілігіне кірді де кетті. Мектепте алған орнықты білімі, есеп-қисапқа ерен жүйріктігі әжетке жарады, туған ауылында есепші қызметін атқарды. Арнаулы кәсіби білім беретін техникумды тәмамдады. Еңбектен қол үзбей жүріп, 1952 жылы Қазақтың мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түсті. 1953 жылы отының алды, суының тұнығындай алғашқы перзенті Фатима жарық дүние есігін ашып, базарлы үйдің бәсі асқақтай берді. Ол кезде есеп мамандары жетісе бермейтін, соғыстан оралғандары жаралы, қауырт іске қауқары келмейді. Сондықтан бейнеттің батпандай салмағы Қажыман сияқты жастардың иығына түсті. Жылдар бедерінде тәжірибе жинақтай келе басшылық қызметтерге ұсынылды. Алдымен мемлекеттік банктің Қармақшы аудандық бөлімшесінің меңгерушісі болып он жыл еңбек еткен соң, 1964 жылы туған ауданына оралып, өмірінің соңына дейін банк бөлімшесін басқарды.



Ұзаса да ай, жылдар...
көш-көліктер,
Ұзамайтын жандарды ескеріп көр.
Мәңгіліктің өзімен тілдестірер,
Ол жайында айтылған естеліктер.

Естеліктер...самалдай іңірде ескен,
Шығара да алмайсың
бірін де естен.
Қажекеңдей жалғанда жан бар
ма екен,
Адам болып күн сайын
ғұмыр кешкен.

Ес-елес... Жад жаңғырығы... Кезеңдер көшіп, жылдар жылыстап, ғасырлар мыңжылдық мұздақтардай ери бастағанда қолжазбалардың да өшетінін, жоғалатынын, әдепкі тарихи дәйектердің де қалпынан айнып, мазмұны өзгеретінін білеміз. Бірақ санадағы суреттерді сарғайтпай, бүгінге, ертеңге ұзататын ұлы ұғым бар: – ол – уақыттың өзі өлердей қорқатын адамзат жады. Одан артық төреші, одан қатал тергеуші болуы мүмкін емес!

Батырсың ба, ақынсың ба арқалы,
Тәніңді Алла топыраққа тартады.
Жарық күнге ораласың бір күні,
Ақыл-естің ашылғанда порталы.

Сол бір шақта...рухыңды өрлетіп,
Көкірегін сағынышқа кернетіп,
Табытта емес,
Жомарт, жайсаң жаныңды
Тұрады елің жүрегінде тербетіп.

Әдетте, біз Отанға өлшеусіз еңбек сіңіріп, заманында зиятты үлгі қалдырған, әрбір іс-қимылын замандастары әлі күнге дейін жыр ғып айтып жүретін тұлғалар туралы қағаз бетін қаралағанымызда кейіпкердің қызметін, өсу жолдарын, мадақ-марапаттарын қазып жазып, оның жеке жан-дүниесі, қоғамдық-әлеуметтік көңіл-күй кернеуі, мінез-мәдениеті, рухани талғам-танымы жайлы терең толғай бермейміз. Сондықтан Қажыман Асанұлының ғұмырнамалық портретін жасарда Қызылордадағы, Тереңөзектегі, Алматыдағы үзеңгілестерін іздеп тауып, әңгіме-дүкен құрған едік. Соның бірегейі – жүректің қалауымен Сыр бойына келіп, ұзақ жылдар Мемлекеттік банктің облыстық бөлімін басқарған, кейін республикалық банкте басшылық қызмет атқарған, бүгінде тоқсанның төбесіне ту қадаған Қалыбек Ахметжанов ақсақал.

– Менің түбім – алматылық. Бірақ ғұмырымның ең бір аяулы шақтары Сыр өңірінде өтті. Сондықтан оттан да ыстық өлкенің мен үшін орны бөлек, – дейді Қалекең. – Оның үстіне қызылордалықтар да менің азды-көпті еңбегімді ұмытқан жоқ. Кешегі облыс әкімі Қырымбек Көшербаев балам омырауыма «Қызылорда облысының құрметті азаматы» белгісін тақты. Сонда, тірі болғанда Қажыман да осы атақты алатын еді ғой деп ойладым. Өйткені, ол кісіні менен терең білетін жандар көп емес шығар. Ол кезде Қажекең Қармақшы аудандық банкінің бастығы еді. Өзінің адами мәдениеттілігімен, байсалды мінезімен, үйіріп тұратын жайсаң қалпымен көзіме оттай басылды. Қызметке жаңа келіп жатқан кезім ғой, осындай іскер жігіттерге арқа сүйеу керек деп шештім. Сенімім алдаған жоқ, бірге жұмыс істеген ондаған жылдар өрісінде өзімді де, өзгені де, оны да танып, қоян-қолтық араластық. Ой, жарықтық-ай, ұтырлы, ұтымды ұйымдастырғыш қабілетінен бір танған емес. Қарамағындағыларға қатаң талап қойғанымен, іс барысында ызбайланып, ызғарын шашып, болмашыға күйіп-піспейтін. Байыппен ойлап, лайықпен шешетін түйінді. Сыпайылығы мен сабырлылығына, сымбаттылығы мен сүйкімділігіне шідеріңе сүрініп жығылғандайсың. Жігіттің сұлтаны ғой! Кейін Тереңөзекке ауысқан шағында жаңа істердің бастамашысы болды. Мен ол кезде облыс орталығында банк қызметкерлеріне арнап көпқабатты тұрғын үй салдыру қамында жүргенмін. Қажекең Тереңөзекте жаңа жобалы банк ғимаратын салу жөнінде ұсыныс жасады. Ол кезде облыс түгіл, республиканың орталық банкі Мәскеудің құзіретіне қарайтын. Аса күрделі шаруаны қолға алған ол күні-түні тыным таппай, Алматыға, Мәскеуге шапқылап, ақыры өз мақсатын орындап тынды. Нәтижесінде облыс аудандарында бірінші болып әсем де әрлі банк ғимараты бой көтерді. «Болар істің басына, жақсы келер қасына» деген рас екен, бұдан кейін Қармақшыда, Жалағашта, Қазалыда, ақырында барлық ауданда банк кеңселері салынды. Олар бүгінге дейін халыққа қызмет етіп жатыр.

Жақсының аты өлмейді, оты өшпейді. Қажекең өмірден ертерек кетсе де осы уақытқа дейін оның отбасымен ағайындай араласып тұрдық. Зағипа жеңгеміз қандай еді, майға піскен нандай еді ғой, шіркін. Азаматы алыс сапарға аттанғанда жасымай, жабырқамай, әулет тағдырын мойнына артып, іші елжіреп тұрса да, ұл-қыздарын қатаңдау тәрбиелеп, жеткізді, өткелдерден өткізді. Ағамның отбасының тіршілігіне қадарқауметімнің келгенінше қол ұшын беріп тұрғанымды көңілге медеу тұтамын. Тұңғыш қызы Фатиманың мезгілсіздеу көз жұмғаны жеңгеме қатты тиді-ау деймін, ұзамай қайтыс болды. Бірақ «орнында бар оңалар» деген, Қажыман аға ұрпағының өсіп-өніп, өрлеп, төрлеп, биіктерге шыққанын, ата-анасы сияқты, халқына, егемен елімізге адал қызмет етіп жүргендерін көріп, мерейленіп, марқайып отырамын.

Жалпы, қайраткердің қалыптасуына, толысып-толуына, ақыл-ой, мақсат-мүдде, күш-жігерін еркін жұмсауына, азаматтық ажарын айқындауға өзі тіршілік кешкен қоғамдық қатынастар, есте қалар оқиғалар тізбегі, айшықты мезеттер және замандастарының қоғамдастық-бағыттастық бірлігі орасан әсер етеді десек, Қажыман Асановтың ортасы осал емес. Ауыл шаруашылығы саласының аса білгірі, талантты басшы, адалдық пен әділдікті ту еткен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаев, кейін де бірнеше ауданның тізгінін ұстаған, ұлағаты мол, ұстанымы берік аудандық атқару комитетінің төрағасы Елеу Көшербаев, ірі мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Исатай Әбдікәрімов, Сейілбек Шаухаманов, Сәмит Далдабаев, қыздардан шыққан қайраткерлер Дина Айсина, Алмагүл Божанова, тағысын-тағылар Сыр бойының шежіресінде шуақ шашып тұратын есімдер. Қонысбек Төрешұлы оны «тазалықтың тұлпарын ерттеп мінген тұяқтым» деп төбесіне көтереді екен.

Сәмит ағам айтады: «Сол кездегі Қажекеңнің атқарған жұмыстарын, шаруаға, мәселеге қатысты пайым-пікірлерін ой елегінен өткізіп отырсам, нағыз бүгінгі заманға керек іскер адам еді-ау деймін. Кімге де болса қиын кезде қамқорлық көмегін, ізгі шарапатын тигізуді өзіне парыз санады. Банк саласы түгіл, облыстағы үлкен басшылардың алдында сөзі өтімді еді. Тереңөзекте қызметкерлеріне бірінші болып пәтер алып берген де сол кісі. Ауданның қай басшысы да оның пікірімен қатты санасатын».



Оның да себебі бар. Қажыман Асанұлы аймақта, мүмкін республикада шығар, аудандық партия комитетінің бюро мүшелігіне сайланған бірден-бір банк басшысы. Жалпы, банк жүйесі томағатұйық, сырт көзді сұғындырмайтын, есеп-қисаптан басқаға мойын бұра бермейтін бөлекше құрылым. Қызметкерлері де солай, бірлі-жарымы болмаса, қабақтарынан қар жауып, тіл мен жағына сүйенбей, істерін үнсіз атқара береді. Аудан ішіндегі шағын мемлекет сияқты, кәсібінен басқаға басы ауырмайды. Ал бірақ Қажекеңнің қарымы бөлек, бюро мүшесі болған соң, аумақтағы халық шаруашылығының сан-саласына барынша араласып, келелі мәселелерді шешуге атсалысуды, түйін-түйткілдерді тарқатуды, әлеуметтік - экономикалық үдерістерге үлес қосуды парызым деп санайды. «Қызылорда облысының құрметті азаматы», ауданның сол кездегі «азғантай» басшыларының бірі Дина тәтем Айсина әлі күнге дейін таңғалып отырады. «Партия жұмысын бастан кешкен адам біледі. Айтылды – бітті, орындау керек! Қаржы саласына байланысты жағдайлар туындаса, дереу банк бастығымен ақылдасамыз. Кейде орайы келіп тұрған істің өзіне тосқауылдар қойылады. Дауласа алмаймыз, ойы ұшқыр ағамыз ыңғайын тауып, ретке келтіргенде, «уһ» деп демімізді аламыз».

Бір қызығы – ауданның бас банкирі шыбынның ызыңы да естілмейтін кабинетінде ұзақты күн қадалып отырмайды. Науқандық жұмыстар кезінде – көктемгі мал төлдету маусымында Қарақұм, Қызылқұм қойнауындағы малшыларды аралап, аудандық партия комитетінің арнайы уәкілі ретінде іс барысын зерделеп, сараптайды, шопандардың кем-құтықтарын түгендейді, елдің көшіп-қону жағдайын реттейді. Шаруашылықтың күші жетпей жатқан мәселелер кіликсе, құзыретті орындармен хабарласып, тігісін жатқызуға тырысады. Ал, қоңыр күзде оны күріштік алқаптарынан көресіз. Аңыздағы соңғы дестелер жиналып, қырманға құйылғанша тыным таппайды...

Енді біздің кейіпкерімізбен өле-өлгенше сыйласып өткен, ағалық қамқорлығын көрген, сол кездегі жұмысшылар комитетінің төрағасы, кеңшар директоры Нұрпейіс аға Сағиұлының әңгімесіне құрақ түрелік.

– Тағы бір қасиеті – мәселенің мәніне жетпей, суырылып пікір айтпайтын. Қағазға аса ұқыпты, мемлекеттің бір тиынын да шашау шығармайды. Мекеме, шаруашылықтардың қаржы айналысын тексеру барысында кейде бір кемшіліктер табылып жатса, аттандап айқай салмай, басшысына жағдайдың неден пайда болғанын, оны түзетудің жолдарын дәл түсіндіреді, жосықты жөн сілтейді. Себебі, ол кезде бүгінгідей есеп-қисап институты әлі жетіле қоймаған. Көптеген шаруашылықтарда арнаулы орта білімді есепшілер жұмыс жасайды, олардың кәсіби шеберлігін жетілдіріп отыратын жоғары курстар мен директивалық оқулықтар жоқтың қасы. Осыдан келіп кейбір есеп мамандары есептеудің жаңа тәсілін игере алмай, ескі іздің сорабына түседі. Әйтпесе, «ішіп-жеп» қойған, мемлекет дүниесін талан-таражға салған ештеңесі жоқ. Осыны сезетін Қажыман Асанұлы қарамағындағыларға кемшіліктерді көрсетіп қана қоймай, одан арылудың жолдарын қарастыруды қатаң тапсырады. Бұл мұндай кемшіліктерді ендігәрі қайталамауға септігін тигізеді. Сондықтан болар, ірілі-ұсақты басшылар мейірімді жанға әрдайым шын пейілдерімен құрмет көрсетіп жүреді.

Мемлекеттік қызмет бабымен күн оздырып, түн қатып, таңды таңға ұрып жүретін қайраткер ағамыз отбасының берекесі, шаңырақтың берік ұстыны да бола білді. Жан жары Зағипа мен көрінген ұл-қыздарынан шапағат шуағын аяған жоқ. Перзенттерін қабағымен, өзінің күнделікті жүріс-тұрысымен, салауатты өмір салтымен тәрбиеледі. «Шыбық тимей, шыңқ етер, көзінің жасы жылт етер» босбелбеу емес, еркін өскен, өз қиялымен шынайы өмірдің суретін салатын, ұлттың рухани құндылықтарынан сусындаған баланың ертеңгі күні тез есейіп, терекпен теңесетінін түсінді. Сондықтан олармен үлкендерше сөйлесіп, кеңесіп, сырласып отыратын. Әкелік махаббатының күштілігі ғой, көшеде қалпағын алып, сәлемдескен балалардың да басынан сипап бәйек болатын. Қажекеңнің қарындасындай болып кеткен, ағарту саласының ардагері Мәдина Есетова ағасының ағеден балажандығын сөз еткенде жуықта тоқтай қоймайтын шығар...

– 1972 жылы аудандағы жалғыз балалар мекемесі №1 балабақшаның меңгерушілігіне тағайындалдым. Тәрбиеші-қызметшілерді былай қойғанда, мұнда 320 балдырған тәрбиеленеді. Қай нәрсенің де қат кезі. Балалардың күнделікті тамағынан бастап, шаруашылық қажеттері, коммуналдық қызмет шығындары, ағаш-тасы, ойын құралдарына дейін мұқият қадағалауың керек. Белiңнен кешкен бейнетіңнің зейнеті тізеңе жетпейді. Осы кезеңде Қажыман ағамның қамқорлығын көп көрдім. Жүзінен нұр төгіліп тұратын аса мейірімді, жүрегі жылы, пейілі кең аға қарамағындағы қызметкерлеріне балабақшаның қажетін құрайтын қаржыны, тәрбиешілердің жалақысын уақытында аударылуын қатаң тапсыратын және оны өзі ұдайы назарында ұстайтын. Бұл, әрине, біз үшін үлкен көмек. Себебі, қазіргідей емес, ол кезде бүкіл аймақта мемлекеттік банктің бөлімшелері ғана жұмыс істеп, айналыстағы алыс-беріс қаржы сонда шоғырланатын. Сондықтан есеп-қисапты реттеп, сұраныстарды өтеу оңай шаруа болмайтын. Кезек күту – қиямет-қайым. Бірақ Қажыман аға басқарған банк ұжымы басшының өзіндей ұсынақты, ұқыпты, іскер жандар ғой, аудандағы қаржы іркілісін туғызбай, мекеме, шаруашылық, кәсіпорындардың қаржыларын үнемі дер уақытында аударып, қабылдап отыратын.

«Бала – біздің болашағымыз, олардың қабағына кірбің түспеуі, аға буынның басынан кешкен қиындықтарды көрмеуі керек. Оқтан да, оттан да осылар үшін аман қалғанбыз. Тамағы тоқ, көйлегі көк ұрпақ ертең бізді ұшпаққа шығарады» деген ағаның сөзі әлі күнге құлағымда жаңғырып тұрғандай.

Қажыман ағам жайлы ой тербеткенде, Зағипа апамды қалай айналып өтейін. Отағасының отанын бағып, түтінін түзу ұшырып, етегіне оралған бала-шағаның амандығын тілеп, азаматтың ат үстінен түспей еңбек етуіне жағдай жасаған адам болса, ол – Зағипа апам! Алғашқы таныстықтан соң-ақ тонның ішкі бауындай жандасып кеткен жайсаң жанның талай жақсылығын көрдік. Біздің үйдің отағасы оны «апа» дейтін, себебі рулас ағайындығы бар. Көңілі кемел, мейірімі мол, сыйластыққа берік, алды кең апаммен, жас айырмашылығына қарамастан, сырлас құрбы боп алдым. Аяқ-табақ араластырып, қуаныш-қызықтарды бірге бөлісеміз. Той-томалаққа толықсып бірге барамыз. Ер-азаматтар шаруасына жөн-жосықсыз араласпаймыз, олардың қабағы ашық болса, дүниенің түгел болғаны...

Қажыман ағадай алтын азаматқа жар болған Зәкең балалар тәрбиесіне қатты қарайтын. Аналық мейірімін өлшеусіз төге отырып, ұл-қыздарын артық еркелетуден бойын аулақ ұстайтын. Бар жердің балаларының сәл-пәл «еркіндеу» келетіні рас қой, бірақ Асановтар отбасында одағай-оқшау даңғазалықтың дымы да білінбейтін. Аудан орталығында өссе де, Жақыбы ауылдың баласындай жаратылысқа, табиғатқа өте жақын болды. Үй құстарын асырап, солардың тіршіліктерін ұзақты күн қызықтайтын. Табиғи құбылыстарды жан-дүниесімен ұғып өскен баланың зердесі ашық, ұғымтал, білімпаз, еңбеккеш келетін әдеті ғой, Жақып мектепте зерек оқыды, ҚазМУ-дың заң факультетін үздік бітіріп, өмірдің сабағын ерек тоқыды. Қажекең мен Зәкеңнің кейінгі балалары – Серік, Еркін, Галя мен мектепте ұстаздық етіп жүргенде оқушыларым болды. Галя кейін ағылшын пәнінің мұғалімі болып келіп, бірге қызмет істедік.

... Жауапты қызметтің жүгі ұшқыр самолетті бағындырған сынаушы ұшқыштың санасына түскен салмақтан да ауыр дейді білгіштер. Рас шығар. Қоғамдағы құбылыстар мен өзгерістер тасқыны, күрмеуі қиын міндеттер жауапкершілігі адам жүрегі арқылы өтеді. Толғандырады, тебірендіреді. Ондайда өз денсаулығыңды күйттеуге мұршаң келмейді. Тіпті күрделі жағдайға етің үйреніп кете ме, қалай!... 1981 жылдың қаңтарының соңғы күндері... Құдайдың құдіретіне шек бар ма, сол күні ақ қардың көбесін тебендеп жаңбыр жауды. Түнжыр табиғаттың тосын мінезін терезеден тамашалап отырған Қажыман ағаның көкірек тұсы шым ете қалды. Тіксініп қалды. «Демалысқа шығып, денсаулықты түзеп алу керек-ау, сірә» – деп күбірлеп, қызмет орындығынан тұра бергені сол еді, көз алды буалдырланып, жарық жалған қан көбелек айналды. Жүрек тұсын қолымен аялай сипап, тізерлей берді... Тереңөзектен Берлинге дейін толарсақтан саз кешіп барғанда бүгілмеген тізе бұл жолы болмыстың еркіне бағынбады.

Қажыман Асанұлы 1981 жылдың қаңтарында кенеттен қайтыс болды.

Туған жердің тұғырын биіктетіп, халқына адал қызмет еткен көрнекті қаржыгердің өмірі мен қызметі бүгінгі ұрпаққа өнеге, ұлағат. Ендігі әңгіме – тірілердің міндеті.

Талай саңлақ түлеген бай далада,
Тұлға – Есімдер еленбей жәй
қала ма?!
Тоқсан бестің шығып
ап шырқауына,
Ғарыш жақтан қарайсыз,
қайран Аға!

Зулап жылдар өтсе де қас-қағымда,
Ізің қалды тарихтың дастанында.
Жұлдызыңыз тұрады жайнап жанып,
Туған жердің алқара аспанында.

Қабақтарда мезгілдің мұздығы еріп,
Атыңызды ел болып ізгіледік.
Сізді көріп тұрамыз әр кеш сайын,
Тұрасыз ба сіз де, Аға, бізді көріп?!

**Шаһизада ӘБДІКӘРІМОВ,**
**Қазақстанның құрметті журналисі,**
**Қызылорда қаласының құрметті азаматы.**

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

“АҚ” - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат инистрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29411 Тапсырыс №1258 | Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА.